ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СӘРСЕНБІ
№114 (3971)
4.08.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ДЕҢГЕЙІ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президентке елдегі қазіргі криминогендік ахуал мен ішкі істер органдары жұмысының нәтижелері туралы баяндалды.

Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, ведомство қылмыстың көптеген түрін ашу көрсеткіштерін жақсартқан. Кісі өлтіру, тонау, бұзақылық, ұрлық, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандар жасаған құқықбұзушылық саны азайған. Қоғамдық орындар мен көшедегі қауіпсіздік деңгейі жоғарылаған. Алайда интернет желісін пайдалану арқылы жасалатын алаяқтық қылмыс саны артқан. Бұған пандемия кезіндегі онлайн қызметтердің өсуі ықпал етті.

Мемлекет басшысына вакцина алғаны жөнінде жалған құжаттар таратудың жолын кесу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы айтылды. Жыл басынан бері полиция органдары 50-і жалған вакцинация паспортын және 60-ы жалған ПТР-анықтамасын жасағаны үшін 110 қылмыстық іс қозғаған.

Министр ІІМ бөлімшелеріндегі жеке құрам қызметкерлерінің 96 пайызы екпе алғанын жеткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев министрлікке басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп карантиндік шараларды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуді, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың, тұрмыс саласындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыруды тапсырды.

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП: 5 мың жұмысшы далада қалды

Қазақстанда мектеп формасы биыл да міндетті болмайды. Мұны БҒМ басшысы А.Аймағамбетов мәлімдеді. «Мен өзім ата-ана ретінде де, министр ретінде де мектеп формасын киюді қолдаймын. Ата-аналардың, мұғалімдердің, мектеп әкімшіліктерінің көбісі соны жақтайды. Бірақ қолдағандар мен қарсылардың пікірлерін саралап, барлық жағдайды ескере отырып, біз оқушыларға тек мектеп формасын ғана емес, сонымен қатар классикалық стильдегі киімді де киюге мүмкіндік беруге ұйғардық. Бұл шешім тек алдағы оқу жылы үшін қабылданды», – деді министр. Бұл шешім мектеп формасын тігетін фабрикаларға ауыр тиюі мүмкін.

Өндірушілер жаңа оқу жылынан үмітті еді. Қашықтан оқыту жеңіл өнеркәсіпті тұралатып кетті. Шетелге экспортқа шыға қоймайтын тігін фабрикалары жыл сайын ата-аналар үстінен күн көретін. Алайда 2020-2021 оқу жылында индустрия басты қаржы қайнарынан айырылды: Асхат Аймағамбетов былтырғы 13 тамызда мектеп формасын кию міндетті болмайтынын жариялады. Салаға маманданған кәсіпорындар биылғы оқу жылынан қатты үміттенген. Ал мына шешім мектеп формасына деген сұранысты күрт азайтпақ.

(Жалғасы 6-бетте)

Коллектордың құрығы ұзын

Қажет кезде қаржы ұйымдарынан қыруар қаржы алып, қайтаруға келгенде құлықсыздық танытатындарға коллектор жақсы таныс. Борышкерлер банктің хабарламалары мен қоңырауына селк етпеген соң қаржы ұйымдары коллекторлық агенттіктің қызметіне жүгінеді. Бұдан кейін қарыз жинаушылар борышкерлердің банктегі қарызын қайтару үшін түрлі амалға барады.

Бұл үшін коллекторлардың үстінен шағым жазғанмен, жауапкершілікке тартқызу қиын. Сондықтан заң шығарушылар қарызды қайтарып алушылардың жауапкершілігін арттыру керек десе, енді бірі борышкерлердің жауапсыздығын жүгендеу қажетін алға тартады. Коллекторлар болса, бас-көзге қарамай несие беретін қаржылық ұйымдардың талабын орындап жүргендерін айтып, ақталады.

Коллектор – қарыздарды өндіріп алумен айналысатын және берешекті өтеу мақсатында банк пен борышкер арасында келіссөздер жүргізетін адам. Қолданыстағы заңға сай, коллекторлық агенттіктер серіктестік түрінде жұмыс істейді. Бүгінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде тіркеуде тұрған 265 коллекторлық агенттік бар.

Коллекторлық қызмет туралы заңның 14-бабында көзделгендей, коллекторлық агенттік өз қызметін «Банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» заңның аясында жүзеге асыруға құқылы. Сондай-ақ үшінші тұлғалардан банктік қарыз шартын немесе микрокредит беру туралы шарт жасасу кезінде берген борышкер туралы ақпаратты, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді сұратуына рұқсат берілген. Ал 15-бапқа сәйкес, корректорлық агенттік екі жұмыс күні ішінде өзінің борышкермен үлестес екенін түсіндіруге міндетті. Сонымен бірге борышкердің кредитор алдындағы өз міндеттемелерін орындамауына коллекторлық агенттіктің тікелей немесе жанама түрде мүдделі екені салдарынан қысым жасалуына алып келуі мүмкін өзге де мән-жайлар жеткізілуі тиіс. Серіктестік атауы мен мекенжайын ауыстырған жағдайда үш күннен кешіктірмей уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге және өзінің интернет ресурсында ақпарат беруі керек. Борышкерлермен байланыс жасауға арналған телефон нөмірлері өзгерген жағдайда үш күн ішінде уәкілетті органға хабардар етуі қажет. Бұдан бөлек, коллекторлық қызмет құпиясын сақтауға, айына бір рет борышкердің және оның өкілінің өтініші бойынша он жұмыс күні ішінде алынған талап етулер бойынша негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығы туралы мәліметтерді жазбаша нысанда өтеусіз беруі қажет болады. Кредитордан, борышкерден және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттар мен ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету міндеттеледі. Сондай-ақ кредитор банктік қарыз немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша талаптарды басқаға берген кезде борышкерден қосымша төлем алынуына жол бермеуі тиіс. Одан басқа қызметті автоматтандыру және берешекті есепке алу, сондай-ақ борышкермен өзара іс-қимыл жасасу процесін коллекторлық агенттіктің тұрған жеріндегі үй-жайларында аудио-бейнежазба құралдарының көмегімен тіркеу үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға ие болуы міндет.

(Жалғасы 5-бетте)

Сүйінші! 19 миллионға жеттік!

Қазақстан халқының саны 19 миллион адам болды. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-де жазды.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқының саны тарихи межеге жетті. Алматы облысында дүниеге келген Жания Азаматқызы еліміздің он тоғыз миллионыншы азаматы ретінде тіркелді. Жания — отбасында төртінші бала. Ата-анасы мен қазақстандықтарды осы қуанышпен құттықтаймын. Бауы берік болсын!» деп жазды Мемлекет басшысы.

Облыс әкіміне сөгіс жариялады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа кадр саясатындағы қателігі үшін сөгіс жариялады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа 2019 жылы жұмысында едәуір олқылықтарға жол беріп, қызметінен босатылған Қ.Досаевты әкімдіктің басқарма басшысы етіп тағайындағаны үшін сөгіс жариялады. Әкімге бір тәулік ішінде кадрлық қателігін түзетуге тапсырма берілді» деп жазды Б.Уәли.

Тұтынушы құқығын кім қорғайды?

Тауарлар мен қызметтер нарығында қазақстандық тұтынушы ең қорғалмаған буын болып есептеледі. Оның құқығы кез келген жерде және күнде бұзылады. Жыл сайын кәсіпкерлер мен сатушылар көрсететін қызмет сапасының төмендігіне шағым көбейіп бара жатыр.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ШАРУАСЫ ЖОҚ

Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық департаментінің басшысы Ләзім Мияшеваның мәліметінше, биыл 6 ай ішінде департаментке 131 өтініш келіп түскен. Арыздарды талдау көрсеткендей, тұтынушылардың құқықтары негізінен бөлшек сауда саласында бұзылады екен: барлық өтініштердің 78 пайызы. Сондай-ақ шағымдардың 16,8 пайызы – тұрмыстық қызметтер саласына, 8,4 пайызы – электрондық сауда, 7,6 пайызы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтеріне қатысты. «Тәжірибе көрсеткендей, тұтынушылардың құқықтарын негізінен базарлар мен шағын дүкендерде түрлі тауар сататын шағын және микрокәсіпкерлік субъектілері бұзады. Олар көбінесе тұтынушылардың тауардың сапасы мен қауіпсіздігіне, тауарды айырбастауға немесе қайтаруға, тауар мен сатушы туралы толық ақпарат алуға қатысты құқықтарын бұзады», – дейді Ләзім Исмағұлқызы.

(Жалғасы 7-бетте)

Малдың саны аз, бағасы қымбат

Қазақстанда малдың бағасы шарықтап кеткенін азаматтар құрбан шалу кезінде сезінді. Ауыл кәсіпкерлері қойды 70-90 мың теңгеден сатты. Үш-төрт жылдай бұрын бұл сомаға үш қой табуға болатын. Ұлан-байтақ далада отырған халқымызға ұсақ мал жетпеуге айналды. Өткен ғасырдың 80-жылдары елде елу миллионнан астам қой болса, қазір бір қазақстандыққа біреуден де келмейді. Елдегі тапшылықты ушықтырмау үшін АШМ бұқа, қошқар мен теке экспортын шектеуді ұйғарды.

ІРІ ҚАРА ЖӘНЕ ҰСАҚ МАЛ КҮРТ АЗАЙДЫ

Республикада ет те қымбаттап кетті. Ауыл шаруашылығы министрлігінің түсіндіруінше, ет және ет өнімдеріне бағаның өсу себебі көп. Ең бастысы, үшеу. Біріншіден, мал елімізден тірідей жаппай шығарылып әкетіліп жатыр. Сарапшылардың айтуынша, Өзбекстан, Ресей құрамындағы республикалар Қазақстаннан асыл тұқымды малды тірідей тасып, өз төрт түлігінің қорын толықтыруда және асылдандыруда. Яғни, кезінде аса қымбатқа шөтелден тасылған асыл тұқымды мал енді қайтадан сыртқа әкетіліп жатыр. Кейінгі жылдары мал жаятын жайылым таппай қиналған, шөп, жемазықтан тарыққан қазақстандық көптеген ауыл шаруашылығы өндірушілері, фермерлер малын сатып не сойып жатыр.

Екіншіден, АШМ-нің түсіндіруінше, малға арналған құрама жем дайындалатын астық, дәнді дақылдар бағасы көтеріліп кетті. Бұл да ауыл кәсіпкерінің қалтасын қағады. Үшіншіден, ет бағасының өсуіне ауа райының қолайсыздығы, қуаңшылық әсер етіп отыр. Ауылда мал ұстағысы келетіндер жетерлік, бірақ жануар түгіл адамға ауызсу жетпей жатқандықтан, ел ол арманын іске асыра алмайды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, қазір шаруашылықтардың барлық санатында 17,7 миллион қой, 2 млн 305,6 мың ешкі, 7 млн 848,5 мың ірі қара мал, 3 млн 118,3 мың жылқы, 227,2 мың түйе бар. Салыстыру үшін айтсақ, осыдан 30 жыл бұрын, 1991 жылы Қазақстанда жалпы саны 35 миллион 660,5 мың қой мен ешкі, 9 млн 757,2 мың ірі қара мал, 1 млн 626,3 мың жылқы және 143 мың түйе болыпты. Яғни, елді етпен қамтитын негізгі мал түрлері еселеп көбею орнына миллиондап азайып кетті.

Енді ел Үкіметі амалсыз әкімшілік тетіктерді іске қосып, экспортқа тосқауыл қоймақ. Ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазақстан аумағынан ауыл шаруашылығы жануарларын әкетудің кейбір мәселелері туралы» бұйрық жобасын жариялады. Ол қабылданған жағдайда бұқаларды, қошқарларды және текелерді әкетуге шектеу (квоталар) енгізіледі. Яғни, белгіленген көлемнен артық шетелге тірі мал шығаруға рұқсат етілмейді.

(Жалғасы 5-бетте)

Кеш сөйлеу кекештікке әкеле ме?

Қазір балалардың дені кеш сөйлейді. Мұны логопедтер мен психологтер растап отыр. Олардың айтуынша, бала 3 жастан асқанша өз ойын анық жеткізе алмаса, маман көмегіне жүгінген жөн. Әйтпеген жағдайда кеш сөйлеу кекештікке әкеледі. Одан бөлек, бала бойында түрлі проблема туындайды. Мұндай жағдайға тап болмас үшін не істеу керек? Кінәні смартфоннан іздейміз бе?

6 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Вакциналаудың жалған паспорттары тәркіленуде



Еліміздің әр облысында екпені қағаз жүзінде ғана салғызғандарды әшкерелеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Павлодарлық полицейлер 200-ден астам жалған вакцинация паспортын тәркілегенін баяндады.

Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында полицейлер Павлодар қаласы емханаларының бірінде 4 медицина қызметкері COVID-19 вакциналарының электронды базасына жалған мәліметтер енгізу арқылы вакцинация паспорттарын қолдан жасағанын анықтады. Олардан 200-ден астам жалған паспорт тәркіленді. Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 385-бабының 2-бөлімі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Олардың ұялы телефондары тәркіленді, жұмыс орнында тінту жүргізілді. Техникалар мен құжаттамалар тәркіленіп, тиісті сараптамалар тағайындалды.

«Қазір Павлодар облысының Полиция департаменті COVID-19 вакцинасының жалған паспорттарын сатып алған және пайдаланған адамдар тобын анықтап жатыр. Ол адамдарға қатысты тиісті тергеу амалдары жүргізіліп, Қылмыстық кодекстің 385-бабының 3-бөлімі бойынша жалған құжатты пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселе қарастырылады», – деді Павлодар облысы Полиция департаментінің бастығы Нұрлан Мәсімов.

Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері Қостанайда вакцинация паспорттарын сатқан 27 жастағы екі ер адам ұсталды. Бірақ олар шынында ВП жасамаған, тек антиваксерлерден 3 мың теңгеден жинап, ізінше олардың телефон нөмірін бұғаттап отырған.

Ерік ЕРДЕНОВ

Бір тәулікте 126 адам қайтыс болды

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елімізде бір тәулік ішінде пневмония мен коронавирустан 126 адам қайтыс болды.

Жауапты орган ұсынған статистика бойынша, 1 тамыз күні ел аумағында коронавирустан – 110 адам, тағы 16 адам пневмониядан көз жұмды.

Коронавирустан қайтыс болғандардың дені Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында тіркелген. Әрқайсысында бір тәулікте 17 науқас қайтыс болған. Одан бөлек, Қарағанды облысында – 15, Ақмола облысында – 12, Алматы қаласында 11 адам індеттен көз жұмды.

А.ЖОЛДАС

Вакцинаның 8 миллион дозасы жеткізіледі

Денсаулық сақтау министрлігі коронавирусқа қарсы вакцинаның қосымша 8 миллион дозасы қашан жеткізілетінін айтты. Ведомство баспасөз қызметінің мәліметінше, қосымша партия тамыз айының ішінде жеткізіледі.

«Нақты күні белгісіз. «Спутник V» және ДДСҰ мақұлдаған Қытай вакциналарының бірін елге жеткізу үшін келісімшарттар жасалды. Қай вакцина екені қосымша хабарланады», – деді Денсаулық сақтау министрлігі өкілі. Бұған дейін Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой коронавирусқа қарсы вакцинаның сегіз миллион дозасын жеткізуге келісімшарт жасалғаны туралы айтқан еді. Министр жеткізу кестеге сәйкес жүргізіліп жатқанын, республикада халық вакцинамен жеткілікті қамтамасыз етілгенін айтты.

Жанат.АСАН



Ұрланған малға өтемақы төленеді

Бірақ бұл үшін малды сақтандыру керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК саласындағы сақтандыру құралдарын дамыту жұмысын жүргізіп жатыр. Өсімдік шаруашылығындағы ылғалдың жетіспеушілігі мен су тасқынынан алқаптарды сақтандыру және мал шаруашылығындағы ірі қара малды сақтандыру бойынша қолданыстағы өнімдерге қой-ешкі мен жылқыларды сақтандыру қосылды.

2020 жылдан бері мал шаруашылығында тек сиырларды түрлі тәуекелдерден сақтандыру жұмысы атқарылып келген болатын. Нарыққа ұсақ мал мен жылқыларды толық сақтандыруды қамтамасыз ететін жаңа өнімдер енгізілді. Оған барлық ықтимал тәуекелдер кіреді және салыстырмалы түрде құны да төмен.

«Мал аурудан, өрттен, жазатайым оқиғалардан өлсе және ұрлар сойып алса, жоғалып кетсе сақтандыру арқылы шығынды өтеп алуға болатын механизм ұсынылады. Малды қалыпты түрде сақтандыру аясында фермер малын өз шаруашылығының аумағында ғана түрлі тәуекелдерден сақтандыра алады. Сақтандырудың кеңейтілген түрі форматында фермер малын 5 шақырым радиуста орналасқан көрші шаруашылықтардағы аурулардың өршуінен сақтандырады», – деп хабарлады АШМ.

Сақтандыруға жататын бас саны кемінде 30 болуы тиіс. Сақтандырылатын мал санына байланысты сақтандыру тарифтерінің әртүрлі деңгейлері белгіленген. Мәселен, жылқы үшін – 2,31-ден 6,46%-ға дейін, ұсақ мал үшін 2,38-ден 6,16%-ға дейін.

«Осы өнімдер бойынша сақтандыру сыйақыларын субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау жұмыс істейді. Ол ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ынталандыруға және сақтандыру сыйақысы сомасының 50%-ын субсидиялау арқылы сақтандыру шартын жартылай арзандатуға бағытталған. Осылайша, сақтандыру шартын жасасу кезінде фермер шарт құнының жартысын төлейді, қалған жартысын ол үшін оператор – Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры төлейді», – деді қордың басқарушы директоры Асқар Қалиев.

Елдос СЕНБАЙ

Иесіз электр бағаналары орнын тапты

Шығыс Қазақстан облысында ұзындығы 500 шақырым болатын иесіз электр желісі сенімгерлік басқаруға беріледі.

Облыс әкімдігі жарты мың шақырымдық иесіз электр желісінің құжаттамасын қалпына келтіріп, облыстық энергетикалық компанияның сенімгерлік басқаруына тапсыруда. Бұл жөнінде өңір басшысы Даниал Ахметов энергия қауіпсіздігі мәселелеріне арналған отырыста хабарлады.

Аймақтың энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін шешудің кешенді жоспарына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар жаңа электр желілерін тартып, ескісін қайта жаңғырту жұмыстарын кезең-кезеңімен жүргізіп жатыр. Ең алдымен елді мекендердегі халықтың тұрмысына тікелей қатысты желілер түгенделіп, тексеріледі.

Сонымен қатар аймақта ұзындығы 500 шақырымнан асатын иесіз жатқан желілердің мәселесі шешімін таппақ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, ШҚО әкімдігі иесіз желілердің 494 шақырымын облыстық энергетикалық компанияның сенімгерлік басқаруына беру үшін заңдық базаны дайындап қойды.

Облыс әкімінің айтуынша, қалған иесіз желілерге арналған құжаттама оларды қалпына келтіру құнын есептеу жұмысымен қатар дайындалатын болады.

А.ШӘРІП

Агенттіктің екі қызметкері сотталды

Түркістан облысында дәлелдемелерді бұрмалағаны үшін Қаржылық мониторинг агенттігінің 2 қызметкері сотталды. Олар жарты миллион пара үшін жазықсыз адамды жазалап, айыптыны құтқарған. Ведомство өз қатарын қолы мен ниеті арам адамдардан тазалап жатыр.

Осы шара аясында агенттіктің Өзіндік қауіпсіздік департаменті Түркістан облысы бойынша аумақтық департаменттің екі қызметкерінің дәлелдемелерді бұрмалағаны үшін пара алған дерегін анықтады.

Садықов пен Шораев қызмет бабын пайдалана отырып, алкогольөнімдерін рұқсат құжаттарсыз және жалған есепке алу-бақылау маркаларымен сату бойынша заңсыз кәсіпкерлік қызмет дерегін жасыруға көмек көрсеткен. Олар алдын ала мәмілелесу арқылы кінәсіз куәгерді әкімшілік жауапкершілікке тарта отырып, нақты кінәліге қатысты қылмыстық істі заңсыз тоқтатқан.

Қылмыстық істің деректерін бұрмалағаны үшін Садықов пен Шораев 500 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы алған. Ол екеуі де сотталды.

Қаржылық мониторинг агенттігі – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға қарсы тұратын, сондай-ақ экономикалық және қаржылық құқықбұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша басшылықты жүзеге асыратын құзыры үлкен мемлекеттік орган.

Е.СЕНБАЙ

Президент рақымшылық жасады

Қасым-Жомарт Тоқаев түрмеде отырып, зорлыққа душар болған Наталья Слекишинаға рақымшылық жасады. Бұл жайында Президент жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі, омбудсмен Эльвира Азимова хабарлады.

Қылмысы дәлелденіп, бас бостандығынан айырылған Слекишина 2016 жылы топтық зорлаудан кейін колония надзирательдерінің бірінен бала туған болатын. Бұл оқиға әлемдік ақпарат құралдарының да назарын аудартқан.

«Кешірім және рақымшылық жасау – ізгілік актісі саналады. Бұл демократиялық, құқықтық мемлекеттің, қылмыс жасағандардың құқығына құрмет көрсетудің, сенім білдірудің көрінісі. Бұл Мемлекет басшысының қылмыстық жазасын өтеушіге қайырымдылығы», – деді омбудсмен.

Осының алдында сот қылмыскер әйелдің қалған жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаған. Демек ол енді түзу жолдан таймаса, түрмеге оралмайды.

«Бес жыл ішінде ол өзін үш баланың жақсы анасы ретінде көрсете білді, өз бетінше жұмысқа орналасты. Экономикалық тұрғыдан тәуелсіз болды. Пробациялық бақылау кезінде оның мінез-құлқына қатысты шағым түспеді», – дейді Эльвира Азимова.

Е.ЕРДЕНОВ

Тұрғындардың сұрағына жауап берді

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев азаматтарды кезекті рет қабылдауды онлайн форматта өткізді.

Қабылдау барысында ол тұрғындардың сауалына жауап беріп, олардың түйткілді мәселесін шешуге көмектесетінін айтты. Қала тұрғыны Н.Кенжебаевтың халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін ғимараттарға қойылған құрылғыларға қатысты сұрағы жөнінде Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша комиссия құрылатын болды. Түрлі басқармалардың, оның ішінде Жайлы қалалық орта, Әлеуметтік әл-ауқат басқармаларының мамандары қоғам белсенділерімен бірге көтергіш құрылғыларының техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін тексереді және бақылауға алады. Сондай-ақ О.Костюлинаның Натаров көшесіндегі жол жамылғысын қалпына келтіру жөніндегі өтініші бойынша қала әкімінің орынбасарына сол жерге арнайы барып, тұрғындарға инженерлік желілерді қосу және жолдарды асфальттау жұмыстарының аяқталу мерзімі туралы ақпарат беру тапсырылды.

Ақжар шағынауданынан тұрғындарының атынан Е.Әділбеков Наурызбай ауданындағы жобаға енбеген Лашын мен Берел көшелеріне инженерлік желілерді тарту мәселесін сұрады. Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев биыл сумен жабдықтау желілерін тартуды және келер жылы осы көшелерге су бұру желілерін салуды жобаға енгізуді тапсырды.

Жалпы, Ақжар шағынауданында 21 мың адам тұрады және 5,5 мың үй бар, өткен жылы 8,5 шақырым сумен қамту, 6,7 шақырым су бұру желілері салынды. Биыл 10,5 шақырым сумен қамту және 9 шақырым су бұру желілерін салу жоспарланып отыр. Осы жылы шағынаудан тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ететін Ақсай су тазарту стансасының құрылысы басталады.

Қала әкімінің қабылдауына жазылған А.Темештің өтініші бойынша Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына оның кішкентай баласының денсаулық жағдайын дұрыс анықтау үшін арнайы комиссия құрылып, қажет болса медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберілетін болды.

«Қамқор» әлеуметтік үйінде тұратын В.Денисенконың сұрағына жауап берген мегаполис әкімі Б.Сағынтаев психоневрологиялық патологиясы бар балаларды оңалту қызметтері «Қамқор» ғимаратынан Шәріпов көшесіндегі өзге нысанға көшірілетіні туралы хабарлады. Бұл ерекше қажеттілігі бар балаларды толық 8 сағаттық сабақпен қамтуға мүмкіндік береді. Ал өзге нысанға көшіру жыл соңына жоспарланып отыр.

Оқушыларды жазғы демалыспен қамту шаралары айтылды

Жамбыл облысында «Nur Otan» партиясы жанынан құрылған Отбасы, әйелдер және балалардың құқығын қорғау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңесінің отырысы өтті.

Онда партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында белгіленген мектептерде инклюзивті білім беруге жағдай жасау, кәмелетке толмаған балалардың құқығы мен тәртібі, оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру және «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында құрылған жедел әрекет ету топтарының атқарған жұмыстары қаралды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Т.Жамаловтың баяндамасы тыңдалды.

Бүгінде партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі облыстық Жол картасында белгіленген білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге жағдай жасау көрсеткіші бойынша аймақтағы мемлекеттік колледждерде – 43%, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында 35% жағдай жасалып, биылға белгіленген көрсеткіш толық орындалды.

Айта кету керек, 2020-2021 оқу жылында облыста 0-18 жас аралығында ерекше білімді қажет ететін 7 944 бала тіркелген. Оның 6 146-сы біліммен және тәрбиемен қамтылды. Сондай-ақ Т.Жамалов оқушыларды жазғы демалыспен қамту шаралары туралы айтты.

Жалпы, биыл Төтенше жағдайлар және Санитариялық-эпидемиологиялық департаменттерінің рұқсатын алған қала сыртындағы 7 лагерь жұмыс істеуде. Қазір медициналық бақылаудан өткен 5 023 бала сауықтыру шарасымен қамтылды. Ал мектеп жанындағы 124 лагерьде көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан 6 971 бала бар.

Кеңес отырысында әлеуметтік желі белсенділерінің Жамбыл ауданына қарасты «Болашақ» лагеріне жүргізген зерделеуі туралы айтылды. Бұл бойынша басқарма тарапынан тиісті мекеме мамандарымен бірлесіп, аталған демалыс орнына тексеріс жүргізілген. Ондағы олқылықтың орны толтырылып, кемшілік түзетілді. Бұдан бөлек, Шу, Т.Рысқұлов аудандары әкімдерінің орынбасарлары баяндама жасап, Жол картасындағы көрсеткіштердің орындалу барысымен таныстырды. Жиын соңында бірқатар ұсыным қабылданып, өзекті деген мәселе бақылауға алынды.

Әңгіме арқауы – суицид пен кибербуллинг

«Nur Otan» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалында суицидтің себептері мен кибербуллингтің салдары туралы әңгіме қозғалды.

Қуаныш САПАРБАЙ (коллаж)

Медальдің екі жағы болатыны секілді, интернеттің кеңінен таралуы проблемалардың жаңа түрлерін тудырып отыр. Солардың бірі – әлеуметтік желілерде адамды қорлау. Бұл құбылыс кибербуллинг деп аталады. Өкінішке қарай, оған негізінен жасөспірімдер көп ұшырайды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқыққа қарсы контентті зерделеу пен кибербуллингті анықтау мәселелерімен облыстық Полиция департаментінің арнайы жедел тергеу тобы айналысады. Департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Руслан Назаровтың айтуынша, тәртіп сақшылары Instagram, Twitter, ВК, ОК, TikTok, Facebook әлеуметтік желілерінде балаларды құқыққа қарсы қолсұғушылықтан және олардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан оқшаулау және қорғау үшін күнделікті мониторинг жүргізеді.

«2020 жылғы және 2021 жылдың 6 айында жүргізілген мониторинг барысында тыйым салынған интернет сайттарға 1 725 сілтеме анықталды. Соның ішінде порнографиялық мазмұндағы материалдар орналастырылған сайттар да бар. Олар бұғаттау үшін «Кибер қадағалау» жүйесіне жіберілді. Оқу орындарында полиция қызметкерлері тұрақты негізде интернетте қауіпсіз қарым-қатынас тақырыбында семинарлар мен дәрістер өткізеді», – деді «Nur Otan» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы жанындағы Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің кезекті отырысында Руслан Назаров.

Жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг суицидке әкеліп соқтыруы мүмкін. Бүгінде бұл тақырып өте өзекті. Статистикаға сәйкес, 2020 жылы облыс аумағында кәмелетке толмағандар арасында 6 суицид және 14 суицид әрекеті тіркелді. Биыл 6 ай ішінде өңірде 1 суицид және 6 рет суицид жасауға оқталу тіркелді.

Кәмелетке толмағандарға қатысты 19 жыныстық қылмыс орын алды, оның төртеуі – зорлау, сегізі – 16 жасқа толмаған тұлғамен жыныстық қатынасқа түсу. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай қылмыстарды негізінен қыздардың өгей әкелері немесе басқа таныс-туыстары жасаған. Осындай заңсыздықтардың алдын алу үшін тәртіп сақшылары ұдайы жұмыс жүргізуде.

«Петропавл аумағында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі мобильді топ өз қызметін үздіксіз жүзеге асыруда, оның міндеті – кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдар жұмысының тиімділігін арттыру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар облыстың білім беру ұйымдарында 1 975 дәріс, әңгіме, дөңгелек үстел өткізілді» деп атап өтті Руслан Назаров.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Онлайн қабылдау өткізіді

«Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Ғали Есқалиев онлайн қабылдау өткізді. Қойылған сұрақтарға сәйкес азаматтармен әңгімелесуге Орал қаласы әкімдігінің басшылығы, тиісті басқарма басшылары қатысты.

Өтініштер негізінен жұмыспен қамту, жол, абаттандыру және басқа да мәселелерге қатысты болды. Қабылдау барысында облыс орталығының тұрғыны көктемгі және күзгі кезеңдерде инватаксидің еркін өтуі үшін Зачаган кентінің Сарытау шағынауданындағы үйіне дейінгі жолды асфальттау туралы сұрақпен жүгінді. Облыс әкімі көліктің өтуі үшін қыркүйек айының соңына дейін жағдай жасалатынын, сонымен қатар ені 1,2 метр болатын тротуар салынатынын атап өтті.

Орал қаласының мүмкіндігі шектеулі тұрғыны да жұмысқа орналасу мәселесін көтерді. Азамат осыған дейін қоғамдық жұмыспен айналысқанын, бірақ жұмыс орнын ауыстырғысы келетінін, өйткені Зачаган кентінде тұрып, қала орталығына баруға мәжбүр екенін айтты. Өңір басшысы өтініш білдірушіден түйіндеме жіберуді сұрап, тиісті басқарма басшысына азаматтың үйінің жанына жақын жерден жұмыс іздеуді тапсырды. Ғали Есқалиев онымен қоса Зачаган кентінде мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа қабылдауға қатысты заң нормаларын ұйымдардың орындауы туралы ақпарат беруді тапсырды.

«Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасына қала тұрғыны Самал шағынауданындағы аула аумағын абаттандыру жобасы туралы ұсыныс жасады. Облыс әкімі атап өткендей, инвестор қазір бұл аумақты абаттандыруда. Сонымен қатар ол демалыс алаңдары бар дендропаркке көңіл бөлуге дайын екенін жеткізді. Өңір басшысы тұрғын ұсынған жобаның идеялары, сондай-ақ техникалық шешімдері демалыс паркін құруда пайдалы болатынын айта келе, жобаны бірлескен жұмыс перспективасы үшін инвесторға ұсынатынын тілге тиек етті.

Мектептердің құрылысы қатаң бақылауға алынды

Жаңа оқу жылының басталуына бір айдан аз уақыт қалды. Осы жауапты сәтке дайындық қай деңгейде? Жол картасы бойынша салынып жатқан білім ұяларының құрылыс барысы қалай? Осы және өзге де мәселелер «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңес отырысында талқыланды.

Күн тәртібінде «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі республикалық Жол картасының білім саласына қатысты тармақтарының Түркістан облысында орындалуы, Түркістан облысының білім саласындағы өзекті мәселелері мен 2021-2022 оқу жылына дайындығы, Түркістан облысында жаңғырудан өтіп жатқан мектептер, Жол картасы аясында Түркістан облысында құрылысы жүріп жатқан мектептердегі жұмыс барысы кеңінен сөз болды.

Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы, облыстық мәслихаттың депутаты Рабиға Қуатбекова білімге қатысты индикаторлардың орындалуы бақылауда екенін айтты. «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаев партияның сайлауалды бағдарламасында білім саласына баса мән берілгенін атап өтті. Жол картасы баяу орындалып жатқан аудан, қалаларға жұмысты жандандыру керегіне тоқталды. Ел қазынасынан қаржы бөлінген мектептер уақытылы әрі сапалы салынуы тиіс.

Түркістан облысында «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөнінде 17 Жол картасы бекітілген. Қазір облыстың Жол картасында 26 негізгі көрсеткіш пен 128 іс-шара болса, оның әрбіріне облыстық мәслихаттың депутаттары, фракция мүшелері жетекшілік етеді. Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес партияның сайлауалды бағдарламасының білімге қатысты тармақтарының орындалуына ықпал етеді.

Жол картасына сәйкес алдағы 5 жылда облыстағы апатты және үш ауысымды мектептің өзекті мәселелерін шешу мақсатында 130 мектеп салу (2021 жылы – 47, 2022 жылы – 26, 2023 жылы – 21, 2024 жылы – 24, 2025 жылы – 12) жоспарланған. Биылдың өзінде 78 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Жыл соңына дейін 44 мектептің құрылысын аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ партияның сайлауалды бағдарламасы шеңберінде «5 000 мектепті жаңғырту» жобасына облыстағы 108 мектеп еніп отыр.

Облыстық Адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Р.Жолаев жаңа оқу жылына дайындық жоспардағыдай екенін айтты. Оқулықтар жеткілікті. Облыста 2021-2022 оқу жылында жалпы бала саны – 527 586, оның ішінде 1-сыныпқа 80 894 бала қабылданады деп күтілуде. 1-сынып оқушылары былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 26 934 балаға артуы мүмкін.

Жиында білім ұяларының құрылыс барысы туралы Түркістан облыстық Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Тәжібай Егетаевтың баяндамасы тыңдалды. Оның айтуынша, 2021 жылы 78 білім нысанының құрылыс жұмысын жүргізуге 18,9 млрд теңге қаржы қаралды. Оның ішінде 2 млрд теңге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы, 16,9 млрд теңге облыстық бюджеттен қаралған.

Бүгінде 69 нысанның құрылыс жұмысы жүргізілуде. 9 нысан бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі анықталмаған. 2021 жылдың соңына дейін 44 білім нысанын пайдалануға тапсыру жоспарланған. Бірақ Арыс, Кентау қалалары мен Қазығұрт, Сайрам, Төлеби, Түлкібас аудандарында Жол картасы бойынша білім ұяларының құрылысы кешігіп жатыр. Жиында аталған аудан, қала әкімдері орынбасарларының мәліметтері тыңдалып, жұмысты жандандыру жөнінде ұсыныс берілді.

Партиялық жұмыстардың сапасы сараланды

«Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы жанындағы бақылау-тексеру комиссиясының отырысы өтті.

Күн тәртібінде 2021 жылғы жоспарға сәйкес, аумақтық партия филиалдарының ішкі партиялық қаржылық-шаруашылық жұмыстарын тексерудің қорытындысы қаралды. Отырысты Алматы облыстық партия филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадыров жүргізді.

Айта кетейік, биыл 13 мамырда Алматы облыстық партия филиалының төрағасы, облыс әкімі Амандық Баталовтың төрағалығымен өткен облыстық есеп беру сайлау конференциясында облыстық бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланған болатын. Жаңа құрамдағы комиссия мүшелері облыстың барлық аумақтық филиалдарында 25 мамыр-12 маусым аралығында тексеру-салыстыру жұмыстарын жүргізіп, отырыста атқарылған жұмыс қорытындысымен Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы деп Амангелді Сембаевты таныстырды.

Барлық аудандар мен қалаларға қатысты ұйымдық мәселелер, саяси жұмыс және аудан, қалалардағы партияның «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедергісіз келешек», «Ұлттық мұра» жобалары бойынша атқарылған іс-шаралары, партиялық бақылау және қоғамдық қабылдауға қатысты тексеру жұмыстары жүргізіліп, бірқатар кемшілік анықталды.

Жиында тексеріс барысында бірқатар сын-ескертпе айтылған партияның Қарасай, Балқаш, Қапшағай аумақтық филиал төрағаларының бірінші орынбасарларының баяндамасы тыңдалды. Отырыс нәтижесінде комиссия мүшелері аумақтық партия филиалдарына кемшілікті жоюға 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін уақыт беруді ұйғарды.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

2009 жыл: үдеріс үдеуге ұласқан кезең

Бұл жаһандық дағдарыс дабыры әлі саябырси қоймаған жыл еді. Әйтсе де, бұған дейінгі жылдарда оның салдарымен күрестің түбегейлі қолға алынуы өз жемісін бере бастады. Экономиканың бойына қан жүгіріп, жалпы ішкі өнімде өсім байқалды. Мұның барлығы әртараптандыру жобаларының іске қосылуымен байланысты еді. Осылайша, ұлттық экономикамыз шыныға түсті.

Нұрлан ҚОСАЙ

ДАҒДАРЫСТЫ МЕЖЕ ДАМУҒА СЕРПІН

Әлемдік дағдарыстан ең бірінші кезекте қаржы секторы зардап шегеді деген қауіп көбірек күтілген болса, Қазақстан бұл жағдайда ақша нарығын тұрақты ұстап қала алды. Көптеген болжамға қарамастан банк секторы дефольтқа ұшыраған жоқ. Мемлекеттік қолдаудың арқасында капитализациялық қанығу режимінде жұмыс істеген қаржы ұйымдары үш жылға созылған бұл кезеңді еркін еңсере алды. Мұның бір себебі екінші деңгейлі банктердің ішкі экономикаға араласу үлесінде жатыр еді.

Осылайша, жаһандық дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында еліміз экономиканы сауықтыруға Ұлттық қордан 14 млрд АҚШ долларын бөлді. Мұндай елеулі шығындарға қарамастан еліміздің алтын-валюта қоры ортайған жоқ. Экономикалық бақуаттылықтың кепілі саналатын бұл қордың қаржылық эквиваленті 2008 жылдың соңында 48 млрд АҚШ долларын құраса, 2009 жылдың соңына қарай 52 млрд АҚШ долларына жетті. Былайша айтқанда, шыққан шығынның орны толып қана қойған жоқ, керісінше өсе түсті. Бұл мемлекеттің экономикалық саясатының дағдарыс аясындағы тиімділігін көрсетсе керек. Сонымен қатар жаһандық дағдарыс дабыры әлі де саябырси қоймаған осы 2009 жылдың өзінде-ақ халықаралық ынтымақтастық аясында Оңтүстік Корея, Қытай, Италия, Франция, Түркия және Беларусь компанияларымен Қазақстан аумағында құны 25 млрд АҚШ долларын құрайтын бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы уағдаластыққа қол қойылды. Шетелдік инвесторлардың Қазақстанға ақша құюға ынта танытуы – мұндағы мемлекеттік менеджменттің жоғары деңгейіне берілген баға еді.

Елбасының тапсырмасымен 2009 жылы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы әзірленіп, қабылданды. Бұл Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуын қамтамасыз ететін маңызды экономикалық құжат болатын. Алдын ала есеп бойынша, осы бағдарламаны жүзеге асырудан экономикаға келетін пайда бес жылда 7 трлн теңгеден асады деп болжанды.

Дағдарыстың бір салдары жұмыссыздық болса, онымен күресте қабылданған Жол картасы 2009 жылы да өзінің тиімділігін танытты. Оны жүзеге асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден 191,5 млрд теңге бөлінген болатын. Соның нәтижесінде еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 6,3%-ды құрады. Басқа елдерді айтпағанда, экономикасы дамыған Америка мен Еуропаның өзі жұмыссыздықтың зардабын тартып жатқан тұста Қазақстанның бұл көрсеткіші үлкен жетістік еді.

КЕДЕН ОДАҒЫ – БІРЫҢҒАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

2009 жылғы тарихи оқиғалардың бірі – Кеден одағының құрылуы болды. Минскіде Беларусь, Қазақстан және Ресей мемлекеттерінің басшылары үш елдің арасында Кеден одағын құру туралы құжатқа қол қойды. Соның нәтижесінде 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап Біртұтас кеден аумағы нақты жұмыс істей бастады. Ал оған дейін он шақты жыл үш мемлекеттің экономикалық әлеуетін зерделеу жөнінде көптеген шара жүргізіліп, үш елдің экономикалық қатынасын реттейтін заңнамалық актілердің жобаларын жасау жөнінде орасан зор жұмыстар атқарылған болатын. Осылайша, ішкі шекаралардағы кедендік бекеттер алынып тасталды. Өзара саудадағы қайшылықты жоюға, тауарлар мен қызмет көрсетудің, капиталдар және жұмыс күштерінің жалпы нарығын құруға, сондай-ақ келісілген валюталық саясатқа алғашқы қадамдар жасала бастады. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің бөлігі бола отырып, 17 миллионға тарта халқы бар Қазақстан 170 миллиондық нарыққа ие болды. Осы жылы үш ел – Ресей, Беларусь, Қазақстан үшін бірыңғай кедендік тариф күшіне енді.

Одаққа бірігудің негізгі мәні кез келген сыртқы тауарға, оның қай елге тасымалданатынына және ортақ шекарадан қай жерде өткеніне қарамастан бірыңғай кедендік талаптың қалыптасуында еді. Соның нәтижесінде біртұтас көліктік, энергетикалық және ақпараттық кеңістік құрылып, интеграциялық процестер жеделдетілмек. Толыққанды нарық қалыптасып, ұлттық экономикалар біртұтас кешенге бірікпек. Мүше елдер арасында әлеуметтік-экономикалық дамудың ортақ мақсаттары айқындалып, өзара уағдаласқан құрылымдық, инновациялық, сыртқы экономикалық және әлеуметтік саясат қалыптаспақ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – АДАМИ КАПИТАЛДЫ САРАЛАУ

25 ақпан мен 6 наурыз күндері аралығында елімізде кезекті жоспарланған халық санағы болып өтті. Бұл тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп отырған екінші жалпыұлттық санақ болатын. Науқанға республика бойынша бір мезгілде 50 мыңға жуық санақшы қатысты. Шара қорытындысында Қазақстандағы барлық халықтың жалпы саны 16 млн 9 600 адам болғаны анықталды. Бұл көрсеткіш 1999 жылғы өткізілген санақ деректерімен салыстырғанда 1 млн 28 мың адамға көп. Яғни, республика тұрғындарының саны соңғы он жылда 7 пайызға өскен.

«1999 жылдан бергі аралықта халықтың жас аралығында біршама өзгеріс байқалып отыр. Мәселен, 15-35 жастағы жас адам саны артқан. Халық құрамында 1974-1994 жылдар аралығындағы дүниеге келген адам саны көп. Бұл соғыстан кейін орын алған «бебибумның» екінші ықпалы деп санаймыз», – деді Статистика агенттігінің сол кездегі төрағасы Әлихан Смайылов.

Тағы бір атай кететіні, 2009 жылғы санақтың қорытындысы бойынша қазақтардың үлес салмағы тұңғыш рет 63%-дан асып отыр. Егемендік алған жылы мемлекетқұраушы ұлттың үлесі небәрі 42% болатын. Ал өзге ұлт өкілдеріне келер болсақ, елімізде тұрып жатқан халықтардың 1 пайыздан асатындарының ішінде өзбектер 23%-ға, ұйғырлар 6,8%-ға өскен болса, орыстардың саны 15,3%-ға, украиндар 39,1%-ға, татарлар 18%-ға, немістер 49,5%-ға кеміген.

ҚАЗАҚ АСПАНЫ – БЕЙБІТШІЛІК КҮМБЕЗІ

Елімізде үш жыл сайын өтіп тұратын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі бұл уақытта жаһандық деңгейдегі маңызды шараға айналып үлгерген болатын. Оны әр кездесу сайын көбейіп келе жатқан қатысушыларының санынан-ақ аңғаруға болатын еді. Осы жылы Қазақстан елордасында шілденің алғашқы күндерінде Бейбітшілік және келісім сарайында өткен дәстүрлі III съезге жетекші әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар өкілдерін жіберген 35 елден 77 делегация қатысты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылдан бері өтіп келе жатқан бұл келелі жиын қазіргі әлем діндері арасындағы ғаламдық үндесудің үйлесімді де пәрменді тетігіне айналып үлгерді. Осылайша, қазақ аспаны әлем діндерінің бейбітшілік күмбезіне айналды.

«Біз жаңа мыңжылдықта да толастамай отырған әлемнің әр бұрышындағы діни текетірестер мен ұлттық қақтығыстардың алдын алуға ықпал етіп келеміз. Астанадағы бүгінгі басқосу да біздің осындай табанды ұстанымымыздың бір көрінісі. Дінаралық татулық арқылы ғана халықаралық түсіністік орнатуға болады. Бұған еліміздің қазіргі жүргізіп отырған саясаты толық дәлел бола алады. Бір дөңгелек үстел басына жиналған съезге қатысушы 400-дей діндардың наным-сенімі бөлек болғанымен, көздеген мақсаты біреу ғана. Ол – бейбітшілік. Қазақ даласына бейбітшілікті, татулықты ту етіп келгендердің әңгімесі де жарасымды болды», – деді осы жиында қошемет сөз сөйлеген Елбасы.

АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ – АДАМЗАТТЫ ҚҰТҚАРУ

Арал трагедиясы тек Орталық Азияның ауқымындағы қасірет емес. Ол – планетарлық сипат алып отырған экологиялық кесапат. Осы ретте 2009 жылы 28 сәуір күні Алматы қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАҚҚ) құрылтайшы мемлекеттер басшыларының саммиті өтті. Оның нәтижесінде Арал теңізі бассейніне көмек көрсетудің 3-ші бағдарламасы жасалатын болып келісілді. Бұған дейін 1995 жылдан бері қарай мұндай екі бағдарлама (ПБАМ-1, ПБАМ-2) жүзеге асырылып келген болатын. Нұрсұлтан Әбішұлы өз әріптестерін Қазақстанның Сырдария өзенінің өткізу қабілетін күшейтуге және Солтүстік Аралды сумен көбірек қамтамасыз етуге бағытталған «Сырдария өзенінің арнасын және Арал теңізінің солтүстік бөлігін реттеу» атты аса ірі ұлттық жобаның бірінші кезеңі аяқталғаны жөнінде хабардар етті. Шындығын айтқанда, аталған саммит қор қызметіне жаңаша серпіліс берді. Осы отырыстан соң ХАҚҚ Атқарушы комитеті МҮСШК, ХТДК ұйымдарымен бірігіп, ұлттық сарапшылар мен донорларды қатыстыра отырып, Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсетудің 2011-2015 жылдарға арналған жаңа бағдарламасын жасады.

Армиядағы батыл әйелдер

Жуырда ақпарат құралдары аға лейтенант Ардана Ботайдың дыбыстан жылдам ұшатын әскери ұшақтың экипаж командирі болғанын жарыса жазды. Оны қазақтан шыққан тұңғыштардың қатарына қосқаны бар. Өйткені бұрын-соңды қазақ қыздары әскери ұшақ командирі болмапты. Ал армия сапында түрлі мамандық игерген әйелдердің қатары артып келеді.

● Ардана БОТАЙ ● Сәбина МҰРЗАЛИНОВА ● Гаухар СЫРЛЫБАЕВА

Жалпы, әйелдердің әскери салада қызмет етуі таңсық дүние емес. Екінші дүниежүзілік соғыста мергендер де, пулеметшілер де, ұшақ штурмандары мен бортмеханиктері де болған. Оларды әлі күнге мақтан тұтатынымыз бар. Ал заманауи әскердің қатарында еңбек етіп жүрген әйелдерді біле бермейміз. Бәлкім, содан да шығар әлде Қарулы Күштер имиджін көтеру мақсатында ма, әйтеуір Ардана Ботайдың экипаж командирі болғанын масс-медиа қуана хабарлады. Бұл оқиғаның елдегі гендерлік саясатпен үйлесетін тұстары да, жастарға мотивация беретін жағы да бар. Шынында да, Су-30СМ тәрізді ұшқыр ұшақты тізгіндеген алғашқы әйел заты ретінде айрықша астары да бар әрі Қарулы Күштерде қыз-келіншектердің бұрын ер-азаматтар ғана үстемдік құрған салаларға дендеп ене бастағанын көрсетеді.

ОЛ – ЖАЛҒЫЗ

Негізі, Ардана Ботайды мақтан тұтуға һәм үлгі етуге болады. Өйткені ол Қазақстан Қарулы Күштеріндегі жалғыз әскери ұшқыш. Ал ол тізгіндеген Су-30СМ көпфункционалды жойғыш ұшағы 4++ буынына кіретін заманауи құрал әрі дыбыстан жылдам ұшады. Ал мұндай күрделі техниканы басқару оңай емес. Сондықтан да болар, Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы, генерал-лейтейнант Нұрлан Орманбетов Ардананың әскери даярлығына жоғары баға берді. «Қазақстан Қарулы Күштерінің тарихында алғаш рет СУ-30СМ әскери ұшағының экипаж командирі болып әйел адам ұшты. Оның жақсы даярлығын, ұшқыш ретінде еліміздің әуе кеңістігін қорғау жолындағы тапсырмаларды жоғары деңгейде орындайтынын әрі үздік болуға тырысатынын атап өту керек. Ол әйелдердің әскери авиациада ерлермен қатар күрделі тапсырмаларды орындай алатынын дәлелдеді», – деп атап өтті генерал.

Осы тұста атап өтер жайт, әскери ұшқыш болу оңай іс емес. Бір ұшақты тізгіндеген адам бірден екіншісіне міне береді дейтін ұғым тағы жоқ. Міндетті түрде даярлықтан өтуі керек. Айталық, А.Ботай Қарағандыдағы авиабазада қызмет етсе, Су-30СМ ұшағын тізгіндеу үшін бірнеше ай бойы Талдықорғанда арнайы дайындықтан өтті. Дайындықсыз ұшқыр ұшақты басқарып кету оңай емес. Сәл ағаттық апатқа ұрындыруы мүмкін. Әсіресе, Су-30СМ тәрізді тым жылдам ұшатын, маневр жасау қабілеті де өте жоғары ұшақты басқару үшін ұшқыш алдымен штурман болып ұшады. Оның өзінде алдын ала бірнеше ай бойы теориялық даярлықтан өтіп, жердегі жаттығу құралдарында ұшақты басқарады. Содан соң ғана экипаж командир болып ұшады. Сондықтан Ардана Ботай өз арманына жету үшін барын салса керек.

«Су-30СМ ұшағын өз бетімше басқарып, ұшуым – кәсіби қалыптасу жолымдағы ең үлкен қадамдардың бірі. Қазір алдыма нақты масқат қойдым. Ұшақты басқару машығымды жетілдіріп әрі қарай оны жердегі, аспандағы нысаналарға қарсы пайдалануға, топпен ұшуға рұқсат алу үшін дайындығымды жалғастыра беремін», – дейді Ардана Ботай. Оның сөзінен ұққанымыз, ұшқыш қыз әзірге ұшақты басқаруға ғана рұқсат алған. Алда бірқатар даярлықтан өткен соң атыс қаруын қолданатын әскери жаттығуларға жіберілуі мүмкін. Кім біледі, күндердің күнінде әскери шерулерге қатысып, ел астанасының көгінде самғайтын шығар.

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ БАЙЛАНЫСШЫ НЕМЕСЕ САНИТАР ЕМЕС

Рас, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қыз-келіншектердің әскер түрлерінің барлығында дерлік болған. Бірақ көбі әскери дәрігер, байланысшы болғаны да жасырын емес. Ұшқыштар, мергендер мен пулеметшілер де болғаны тарихтан белгілі. Ал заманауи әскерде қазір қыз-келіншектер барлық дерлік салада қызмет етеді. Қарулы Күштердің жылт еткен жақсылығын теруді бастадық қой, ендеше Қазақстан әскерінде ерекше қызмет атқаратын әйелдер жайлы одан әрмен айтайық.

Жалпы, әзірге тікелей армия сапынан генерал шенін алған әйел жоқ. Алайда генералдықтың табалдырығына, яғни полковник шеніне жеткендер бар. Мәселен, полковник Гаухар Сырлыбаева бүгінде әскери комиссар ретінде қызмет атқарып келеді. Ол 2016 жылдан бері Алматы қаласы Алатау ауданы Қорғаныс істері басқармасының басшысы қызметін атқарып келеді. Ал полковник Диля Ахметова Қазақстан атынан БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштерінің құрамында штаб офицері ретінде жұмыс істеген. Әрине, ол халықаралық миссияға аттанған 2019 жылы оның шені подполковник еді. Қазір Қорғаныс министрлігі Бітімгерлік даярлық орталығынының басқарма басшысы ретінде қызмет атқарып жүр. Демек, бері айтқанда Қарулы Күштерде полковник шеніне жеткен екі әйел бар деген сөз.

Айтпақшы, подполковник дегеннен шығады, дәл қазір Қазақстанның халықаралық миссияларының құрамында тағы бір әйел офицер жүр. Ол – Сәбина Мұрзалинова. Ол қазір Батыс Сахарадағы БҰҰ миссиясының құрамында қызмет етіп жатыр. Ол биыл наурызда Африкаға кеткен. Алайда ол Батыс Сахараға барған алғашқы әйел-офицер емес. Қазақстан армиясындағы қыз-келіншектер арасынан алғаш рет БҰҰ миссиясына 2018 жылы майор Шолпан Тауишова қатысқан. Ол Батыс Сахарада бір жыл қызмет еткен еді. Ал 2019 жылы оны капитан Айжан Жасұзақова алмастырды. Байқасаңыздар, БҰҰ-ның Батыс Сахарадағы миссиясына әйел офицер жіберу 2018 жылдан бері үзілмеген. Мұның өзі армиядағы әйелдердің түрлі салаларды жақсы меңгергенін көрсетсе керек.

Әрине, әскерилер өздерінің құпияларын ашпайды. Бізге оның қажеті де жоқ. Отанның өзге білмейтін сырларының сақталғаны жақсы. Сондықтан снайпер, IT маманы, арнайы мақсаттағы күштердің офицерлері тәрізді мамандық алған қыз-келіншектердің жайын Қорғаныс министрлігінің шенділерінен сұрамадық. Бірақ армияда тағы бір қызық кәсіптің иесі бар. Ол – мехник жүргізуші. «Куб» деп аталатын зениттік-зымыран кешені атыс қондырғысының жүргізуші-механигі Анаргүл Ақыбиева 20709 әскери бөлімінде қызмет етеді. Бір сөзбен айтқанда, зенитші. Ол ел аспанын күзетіп жүр.

Ал Айгүл Түсіпбекова 31775 әскери бөлімде зымыран-артиллериялық қаруларға қызмет көрсету взводының токары болып еңбек етеді. Демек, ол зеңбіректер мен зымырандардың бұзылған жерін жөндейді деген сөз.

Ардақ СҰЛТАН

Коллекторлардың құрығы ұзын

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

ҚАРЫЗ КОЛЛЕКТОРҒА САТЫЛАДЫ

Заңгер Еркін Қахаров коллекторлардың қызметі көп жағдайда заңды екенін жеткізді. Дегенмен коллекторлық агенттіктердің заңсыз әрекетін айтып, көмек сұрап келетіндер де баршылық деп отыр. Оның айтуынша, қарызды өндіру барысында коллекторлық агенттік тарапынан қысым жасалуы мүмкін мән-жайлар айтылған. Сондықтан борышкерлер қарызы барын мойындаудан басқа амалы жоқ. Оның айтуынша, банк борышкерден қаржыны қайтара алмаған кезде қарызды коллекторлық агенттікке сатып жібереді. Ал коллектор қарызды өз атына жаздырып, берешекті өтеп алу үшін сот орындаушыларының көмегіне жүгінеді. «Қарызды қайтару үшін ары қарай сот орындаушылары жұмыс істейді. Коллекторлар ішінара көмек береді. Өкінішке қарай, коллекторлардың көмегі адамның ар-намысына тиюден бастап қорқытып-үркітуге дейін барады. Бірақ олардың борышкерлерден тікелей ақшаны алуы заңсыз болып есептеледі. Себебі қарызды сот орындаушысы өндіріп алып, коллекторлық агенттікке құяды. Біздің елде ақша өндіру жеке сот орындаушыларының ғана қолында. Оны сот та, прокурор да өндіре алмайды. Алайда медиативтік келісім дейді, сол арқылы коллектор сот орындаушыларына «қарызды өндірдік» деп хат жібереді. Бірақ бәрібір сот орындаушылары өздерінің пайыздық үлесін алады», – дейді Еркін Қахаров.

СОҢҒЫ ТОҚСАНДА СЕГІЗ ӘКІМШІЛІК ЖАЗА

Былтыр І жартыжылдықта екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, сақтандыру ұйымдарына, коллекторлық агенттіктерге, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға және кредиттік бюроға қатысты жалпы сомасы 12 681,6 мың теңгеге 67 қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы, 43 жазбаша ұйғарым және 48 әкімшілік жаза қолданылды. Ал екінші тоқсанда жалпы сомасы 5 742,7 мың теңгеге 36 қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы, 33 жазбаша ұйғарым және 20 әкімшілік жаза тағайындалған. Көп жасалған бұзушылықтың қатарында коллекторлық агенттіктердің қолданыстағы заңнаманы өрескел бұзғаны анықталған. «Соңғы тоқсанда коллекторлық агенттіктерге қатысты 4 жазбаша ұйғарым, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы 10 хаттама бойынша 8 әкімшілік жаза қолданылған. Жүргізілген талдау нәтижелері борышкерден берешекті қайтарып алуда жосықсыз іс-әрекеттермен, кредиттік бюроға мәліметтерді ұсынбау секілді коллекторлардың заңсыз әрекетін көрсеткен. Коллекторлық қызметті жүзеге асыру, борышкерге және үшінші тұлғаға қағидаларда регламенттелген толық ақпаратты хабарламау, борышкермен және үшінші тұлғамен белгіленбеген уақытта өзара іс-қимылды жүзеге асыру, кредитордан алынған коммерциялық немесе өзге құпияларды жариялау бойынша жосықсыз іс-қимылдар жасау, коллекторлық агенттіктің үй-жайларында аудио-бейнежазба құралдарының көмегімен өзара іс-қимыл процесін тіркеуді жүзеге асырмау, кредиттік бюроға мәліметтерді ұсынбау секілді заңсыздықтарға барған», – дейді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің баспасөз қызметі. Агенттіктің көмегіне жүгінушілер «Коллекторлық агенттік шоттарды «бұғаттауға» құқығы бар ма?» деген сауалды жиі қояды екен. Бір айта кетерлігі, коллектордың шотты бұғаттауға құқығы жоқ. Бірақ борышкерлердің банк шоттарына шектеулерді жеке сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу шеңберінде немесе төлем талаптарын алға тарту арқылы ұсынуы мүмкін.

КЕРІ БАЙЛАНЫСҚА ШЫҚҚЫСЫ ЖОҚ

«Бэк» коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің өкілі Айдос Құлажанов қарыз алғандардың көбі қайтаратын кезде құлықсыздық танытатынын айтады. «Қарыздарын бір жыл, екі жыл кейін қайтарып жатқандар бар. Кейбіреулер «мұнша көп несие алған жоқ едім» деп аң-таң болады. Бірақ олардың алған қарыздары құжатта жазылған, барлығы заңды. Біз өз тарапымыздан борышкерге баса-көктеп қарызды талап етпейміз, алдын ала хабарлама жібереміз. Бірақ борышкерлердің көбінің өзі Алматыда, тіркелген мекенжайы басқа облыста. Біздің жіберген хабарлама борышкердің қолына тимейді. Кейде хабарламаны алып тұрып хабарласпайды. Өйткені коллекторлық компания қарызды сұрайтынын біледі. Амал жоқ, сотқа жүгінеміз. Сол кезде ғана «хабарлама алмадық» деп қарсы уәж айтады. Бірақ олардың айтқандарын растайтын ешбір дәлел жоқ. Ал біздің қолымызда компанияның атынан сол мекенжайға жіберген хабарламаның екінші көшірмесі сақтаулы болады», – дейді Айдос Нүсіпжанұлы.

Заңгерлер коллекторлық компания өкілдері борышкерлердің банктегі құпиясын туған-туыстарына, көршілеріне жеткізіп, кейде есіктің сыртында қарызды қайтару керегін ескертіп жазып кететінін жеткізеді. Қаржылық ұйым қызметін қолданушының құпиясын жариялағаны үшін оларды жазаға тарту заңда көзделмеген көрінеді. «Борышкерлер хабарламаны алмаса, алып тұрып хабарласпаса, банктен несие алушының мәліметтерін сұратып, сол жерде көрсетілген жақындарының телефон нөміріне хабарласамыз. Көрсетілген мекенжайға барып, көршілерден сұраймыз. Банк бізге қандай ақпарат береді, сол бойынша әрекет етеміз. Егер ешбір ескертпені елемей, қашып жүруін жалғастырса, сотқа жүгінеміз, ІІМ арқылы іздеуге береміз. Әлеуметтік желілерде «коллекторлар қысым көрсетіп жатыр» деген сөзді қарызын қайтаруға құлықсыз борышкерлер береді. Шын мәнінде, коллекторлар ешкімнің есік-терезесін тоқылдатып тұрмауы керек. Хабарлама жібергенде байланысқа шығуы тиіс. Ал әлгіндей кері байланыс жоқ болса, борышкердің көрсеткен мекенжайына көшпелі бөлімнің коллекторлары тексеріс жүргізеді. Іздеп барғанда үйінде болмаса, хабарламаны есікке іліп кетеді. Не болмаса көршісіне табыстап кетеді. Бұл не үшін керек? Ертең сотқа жүгінген жағдайда көшпелі бөлімнің сол мекенжайға барғанын, көршілері растағанын дәлелдеу керек», – дейді Айдос Құлжанов. Оның сөзіне қарағанда, бес жыл бойы қарызын қайтармай жүрген борышкерлер бар екен. Ол кісі көрсетілген мекенжайда тұрады. Банктен алған несиесі өте көп. Несие алушының кепілге қоятын мүлігі не жұмысы жоқ. «Оған банк қарызды қалай бергенін түсінбейміз. Амал жоқ, алған ақшаны ең төменгі сома болса да төлетіп алуға тиіспіз», – дейді Айдос Құлажанов.

Карантинге дейін күнара қоңырау шалатын сот орындаушысы мен коллекторлардың қыспағынан қан қысымы көтеріле бастаған борышкерлер де бар. «800 мыңға жуық қарызым болатын, ай сайын 10 мың теңге төлеп тұратын болып келістік. Алайда коллектор қалған 500 мың теңгені келіскен мерзімінен бұрын жауып тастауымды сұрады. Оған мүмкіндік жоқ екенін айтқанымда, сотқа жүгінетінін мәлімдеп, қорқыта бастады. Төрт баламмен бірге өзім де анамның зейнетақысына қарап отырғанда қарызды түгел қайтара алмаймын ғой. Олар түсінбейді. Қан қысымым көтерілген күндер де болды. Қазір онлайн болған соң хабарласып жүрген жоқ. Бірақ қарызымды аз-аздап төлеп жатырмын», – дейді Ардақ Құлкенова.

Жеке сот орындаушылармен сыбайласып, борышкерлерден заңсыз ақша өндіретін коллекторлық компаниялардың қулығына құрық байлау мүмкін болмай барады дейтіндер көп. Алдағы жылы коллекторларға қатысты талап қатандап, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау күшейтілуі мүмкін. Дегенмен қараудағы құжатқа қарызын қайтарғысы келмейтіндердің құқығын қорғаумен қатар, жауапкершілігін де қарастырса...

Малдың саны аз, БАҒАСЫ ҚЫМБАТ

(Басы 1-бетте)

КВОТАҒА ІЛІКПЕГЕНІ КОНТРАБАНДИСКЕ АЙНАЛА МА?

Квота әрбір облыс үшін жеке бекітіледі. Әр өңірдің жылдық квотасының көлемі онда тұратын халық санына, тұрғындардың ет тұтыну нормасына, өндіріс теңгеріміне, малмен қамтамасыз етілуі мен тапшылығына, қорлардың болуына, ет өңдеуші кәсіпорындардың қажеттілігіне байланысты болады. Квота көлемін есептеу кезінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері басшылыққа алынады.

Квоталардың жылдық көлеміне (КЖК) облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары қол қояды және АШМ-ге жолдайды. Өз кезегінде министрлік түпкілікті шешім қабылдауы үшін оларды Үкімет жанындағы Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (ВАК) қарауына жібереді.

ВАК бекіткен соң өңірге берілген квоталарды жергілікті мал өсірушілер арасында үлестіру үшін облыс әкімінің шешімімен квоталар көлемдерін бөлу жөніндегі жұмыс тобы құрылады. Топқа әкімнің орынбасары жетекшілік етеді. Жұмыс тобының құрамына «Атамекеннің» өңірлік кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және әкімдіктің ветеринария саласындағы функцияларды жүзеге асыратын басқарманың мамандары кіреді.

Жалпы, бұл шектеу уақытша емес, біраз жылға енгізіледі деп күтілуде. АШМ-ның осы бұйрығы күшіне енгеннен кейін 30 күн ішінде және кейіннен жыл сайын тиісті жылдың 1 ақпанына дейін басқарма облыс әкімдігінің ресми интернет ресурсында квота алуға өтінімдерді қабылдау басталғаны туралы хабарландыру орналастырып отыруы тиіс.

Квотаны ауыл шаруашылығы өндірушілері арасында бөлу қорытындысында ақырғы тізімді Ауыл шаруашылығы басқармасы 3 күн ішінде әкімдік сайтына орналастырады және АШМ-ге жолдайды.

Министрліктің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті бекітілген квоталар негізінде ауыл шаруашылығы жануарларын шетелге әкетуге рұқсат беру құжаттарын ресімдейді. Бұл квотадан тыс жүзеге асырылатын экспорт заңсыз: оған барған ауыл кәсіпкерлері контрабанда жасады деп танылуы, жазалануы ықтимал.

Айта кету керек, осының алдында 2021 жылғы 11 наурызда Ауыл шаруашылығы және Қаржы министрлері «Ауыл шаруашылығы жануарларын әкетудің кейбір мәселелері туралы» бірлескен бұйрыққа қол қойған болатын. Құжатқа сәйкес, Зеңгі баба, Шопан ата, Шекшек ата түлектерінің аналық басын, яғни сиырды, қой мен ешкіні тірідей шетелге экспорттауға 6 айға тыйым салынды.

Бұған Қазақстаннан Өзбекстанға ірі қара және ұсақ малды тірі күйде жаппай әкетудің белең алуы себеп болыпты. Салдарынан ішкі нарықта тапшылық туындады. Наурыздағы бұйрық сол кесір құбылысқа тек уақытша тоқтау салды.

Осы орайда Shopan Ata қой өсірушілердің ұлттық қауымдастығының төрағасы Алмасбек Садырбаев тірі ұсақ мал экспортына толық тыйым салуды ұсынды. Үкімет бұл ұсынысты қолдамады, тек мал экспортын квотамен шектеуге шешім қабылдады.

Сонымен, бұл шектеуге, біріншіден bibos, poephagus тектерін қоса алғанда, аталық таза, асыл тұқымды және басқа да ірі қара мал ілікпек. Бұқалар квотасы 80, 160 және 300 келі санаттары бойынша бөлек-бөлек белгіленеді. Екіншіден, таза, асыл тұқымды буйволдар кірді. Үшіншіден, таза, асыл тұқымды қошқарлар мен бір жылға дейінгі қозы-марқаларды, төртіншіден асыл тұқымды және қарапайым текелерді экспорттау көлемі шектеледі.

Дегенмен сарапшылардың байламынша, тыйымдар, шектеулер мәселені тек уақытша ғана шешеді.

«2019 жылғы қазанда да Үкімет ірі қара мал мен ұсақ малдың аналығын және төлдерін экспорттауға 6 айға тыйым салған-тын. 2019 жыл басынан қазан айына дейінгі аралықта Қазақстаннан басқа елдерге 119,6 мың ірі қара мал (ІҚМ), 228,5 мың қой мен ешкі экспортталды. Оның көбін, атап айтқанда 99,5 мыңнан астам ірі қара малды және 184 мыңнан астам қой-ешкіні Өзбекстан сатып алған. 2020 жылы да тыйым жалғасты. Бірақ бұл бізде ет бағасының қымбатшылығын тоқтата алмады. Ал Қазақстан Өзбекстандағы, Қытайдағы нарығын жоғалтуда, оны Қырғыз елі және Моңғолия жаулап алуда», – дейді экономист Марат Ерғозин.

Оның байламынша, Қазақстанның қателігі сол, ауыл шаруашылығына жауапты құрылымдар саланы дамытуға кешенді түрде келмейді. Мал шаруашылығы не сумен, не жемазықпен, не жайылыммен толыққанды қамтамасыз етілмеген. Субсидиялау тетігі де тиімді емес: жиі өзгереді, ауыл кәсіпкерлеріне ұзақмерзімді жоспар құруына мүмкіндік бермейді.

Сарапшылар бұл саланы дамытуда Моңғолиядан үлгі алуды ұсынады. Негізінен, таулы, шөл және шөлейтті жерді мекендеген бұл мемлекет кейінгі 30 жыл ішінде бүкіл Еуразиялық континенттегі қой өндірісі жөнінен озық елдердің біріне айналды. 1990 жылы Моңғолияда қой мен ешкі саны Қазақстаннан аз болған. Енді ше? Моңғолия ұлттық статистика комитетінің дерегінше, 2020 жылдың соңында елдегі төрт түліктің жалпы саны 67,1 миллион басқа жеткен. Соның ішінде 30 миллионы – қой, 27 миллионы – ешкі. Рас, былтыр қыстың қатты болуы салдарынан біраз фермердің малы қырылып, мал саны 5,5% азайыпты. Әйтсе де, биыл өсім қайтадан қарқын алған. Моңғолия жыл сайын 45 миллионға дейін жаңа төл алады, оларды соуға жібереді. Сөйтіп, 55 мың тоннаға дейін ет экспорттайды. Рас, 2020 жылдың шілдесіне дейін Моңғолия үкіметі етті сыртқа шығаруға уақытша тыйым салды. Себебі Қытайдың алыпсатарлары пандемия кезінде көтере сатып әкетіп, ел ішінде ет тапшылығы туындапты. Еттің молшылығына үйренген үкімет мемлекеттік резервке тек 4 мың тонна ет қоймалаған. Сондықтан мұндай тапшылықтар туындамауы үшін моңғол билігі тыйым күшінде болған кезде мемрезервтегі ет қорын 15 мыңға дейін арттыра алды.

Маңыздысы сол, Моңғолия тек мал басын еселеп өсіріп қана қоймай, экологиялық таза етті өндіру, өңдеу және экспорттаудың тұтас тізбегін жолға қойған. Республика жаңа нарықтарды ашып, оларда нық әрі орнықты беки алды. Ғажап емес пе?

Қазақстанда бірнеше жылдан бері үнемі тыйымдар мен шектеулер енгізіліп келеді. Алайда мал мен ет бағасының қымбаттауы тоқтайтын емес. Егер іргедегі елдің үлгісін үйрене алмаса, соған санасы жетпесе, бәлкім Ауыл шаруашылығы министрі лауазымына менеджерді Моңғолиядан шақырамыз ба, қайтеміз?!

Елдос СЕНБАЙ

Рейдерлік: 90-жылдар оралды ма?

Кәсіпкерлерді бопсалау, олардың бизнесін тартып алу 90-жылдарда қалғандай көрінетін. Алайда ол түбегейлі жойылмапты. Қазіргінің рейдерлері бұрынғыдай атан жілік, апайтөс бопсалаушы емес, әр қимылын айламен жасайтын, қажет кезінде мемлекеттік қызметтегі «арқа сүйерлерінің» ғана кеңесімен әрекет ететін әккілер. Бүгінгінің бизнесіне сыбайластар қауіптірек.

Дәулет АСАУ

БИЗНЕС МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНА ЗӘРУ

Республика бойынша кейінгі бес жыл мен биылғы алғашқы жартыжылдықты қоса есептегенде, рейдерлік ісі бойынша 7 тұлға, заңды кәсіпкерлікке кедергі келтіргені үшін 11 тұлға сотталыпты. Бұл – ресми статистика, ал шын мәнінде Қазақстанда рейдерлік қылмыстың ауқымы бұдан анағұрлым көп екенін кез келген есті адам біледі. Ал енді оның мемлекетке тигізіп жатқан зардаптары тіпті орасан.

Ашығын айтар болсақ, біреудің бизнесіне көзінің сұғын қадау, тартып алу кез келген тентектің қолынан келе бермейді. Оны да артында сүйеніші мықты, жоғары жақта тірегі күшті, қолында билігі бар, жең ұшынан жалғасқан сыбайластар ғана жасай алады.

Ал Қазақстанның жағдайында сыбайластық рейдерлікке жол ашатын тәрізді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кезекті отырысында оған аса алаңдаушылық білдіре келіп, құзырлы органдарды онымен қатаң күресуге шақырды: «Мен заңды бизнеске кедергі келтіруді ауыр мемлекеттік қылмысқа теңеу керегін айтқан болатынмын. Барлық құқық қорғау органдары, оның ішінде Бас прокуратура да осыны есте ұстағаны жөн» деп тиісті органдарға тиісінше тапсырмалар жүктеген.

Осыған орай Бас прокуратура мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бірлесіп бизнесті рейдерліктен қорғауға арналған кешенді шараны қолға алды. Бұл туралы Бас прокуратура таратқан баспасөз деректемесінде: «Ең бірінші сот-тергеу тәжірибесін қалыптастыруға маңыз берілді, өйткені ол жазаның қолданылмай қалмау принципімен тікелей байланысты. Былтырғы және биылғы жартыжылдықта рейдерлік әрекет бойынша бес қылмыстық іс сотқа жолданды. Қазір сот үкімімен екі адам сотталды» делінген.

Сондай-ақ 2021 жылғы сәуір айында рейдерлік және кәсіпкерлерді заңсыз қылмыстық тергеуге алу фактілеріне қатысты арыз-шағымдарды қарайтын ведомствоаралық орталық және өңірлік жұмыс топтары құрылды. Оның құрамына ҚПӘ, прокуратура, құқық қорғау органдары, «Атамекен» ҰКП және жергілікті атқарушы билік өкілдері кірді.

ӘЛІМЖЕТТІК ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқығын қорғау жөніндегі бизнес-омбудсмен Рустам Жүрсіновтің айтуынша, Қылмыстық кодекстің 365-бабына сәйкес, егер мемлекеттік қызметкердің әрекеті кәсіпкерлердің ісіне нұқсан келтірсе және оны материалдық шығындарға ұрындырса, лауазым иесі әкімшілік, әйтпесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуға тиіс. Бірақ іс жүзінде шенеунікке қарсы қылмыстық, әкімшілік ықпал ету шаралары өте сирек қолданылады.

Бұл бап мемлекеттік қызметкерге қатысты тағайындалуы үшін ең алдымен оның бас пайдасын ойлағаны мен қоғамға қауіптілігін дәлелдеу қажет көрінеді. Ал бұл – оңай шаруа емес. Сондай-ақ рейдерліктің нысаны мен нұсқасы жиі өзгеріп отыратындықтан, оларды заңды айыпқа тарту қиын.

Дегенмен кәсіпкерлерді рейдерліктен және құзырлы органдардың заңсыз әрекетінен қорғауды күшейту мақсатында Бас прокуратура мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне заңнамалық түзету әзірледі.

«Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің басқа біреудің бизнесін басып алуға қатысты кез келген заңсыз тәсілін рейдерлікке жатқызу ұсынылды. Қылмыстық кодекстің 365-бабы бойынша «пайдакүнемдік мақсат түріндегі міндетті белгіні» алып тастау, сондай-ақ лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекетін немесе әрекетсіздігін нақтылау шарты бекітілді. Бұған қоса, кәсіпкерлерді қорғаудың қосымша кепілдігін құру үшін Қылмыстық кодекстің 412-бабының 2-бөлігін жеке кәсіпкерлік субъектісіне ірі немесе аса ірі залал келтіру деген тармақпен толықтырылды», – дейді бизнес-омбудсмен Рустам Жүрсінов.

Бизнес-омбудсменнің айтуынша, бұған дейін лауазымды тұлғаның рейдерлік қылмыс жасағаны дәлелденсе, оған 3-7 жылға бас бостандығынан айыру қарастырылса, енді аталған жаза 5-8 жылға дейін ұзартылды. Сонымен қатар бизнестің және азаматтардың заңсыз тексеру және тінтуге қатысты арыз-шағымын қарау мерзімі қысқартылады. Енді мұндай арыз 3 күнде қаралуы тиіс.

Жаңа құжат бойынша кәсіпкердің мемлекеттік орган өкілі үстінен жазған шағымын тексеру кезіндегі прокурордың құқы кеңейтіледі. Ол құзырлы орган тағайындаған шектеу немесе тыйым салу шараларын жоюға құқылы.

КӘСІПКЕР ҚЫЗ ПРЕЗИДЕНТКЕ ШАҒЫМДАНДЫ

Елімізде жыл сайын рейдерліктің құрбанына айналып жатқан жандар аз емес. Бірақ кез келген оқиғаны рейдерлік деп бірден баға беру де қиын. Мәселен, жас кәсіпкер қыз Ақтоты Тұрсынәлі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтан көмек сұрап, өзінің рейдерлік құрбаны болғанын айтқан.

Алматы облысының тұрғыны Ақтоты Тұрсынәлі 3 жылдан бері асыл тұқымды мал өсіріп, бірнеше адамды жұмыспен қамтып отырған. Ол үшін үкімет іскер қызға төмен пайызбен 80 млн теңге несие берді. Ақтоты 80 миллион теңгеге Ресейден асыл тұқымды ақбас сиырларды әкеледі. Сөйтіп, шаруашылығын да дөңгелетіп, несиесін де белгіленген мерзімінде кешіктірмей төлеп жүріп жатты.

Жеңілдетілген несиені 10 жылға алды. Соның екі жылын төледі. Кейін пандемия кезінде кәсібі тоқырап, несиені төлеу мерзімін кешіктірді. Дегенмен Мемлекет басшысының өзі кәсіпкерлерге індетке байланысты несиені кешіктіріп төлеуге рұқсат берген еді сол кезде. Соған қарамастан кредиттік ұйым Ақтотының қарызын бірнеше есеге өсіріп, ақыры оның кәсібін тәркілеп алған. Асыл тұқымды сиырының бәрін бір күнде тиеп әкеткен. Кәсіпкер қыздың өзі мұны рейдерлік басып алу деп есептейді.

Ақтоты Мемлекет басшысына хат жазған еді. «Үкімет жас кәсіпкерлерді қолдау керек дейді. Қолдау емес, қорлауды көріп отырмын. Үлкендер қолдау көрсеткеннің орнына мені, мен сияқты жастарды, қазақтың жас қызын қорлап жатыр. Бұл заңсыздық жоғары жаққа жетуі керек. Жұмысын енді бастаған, аяққа тұра алмай жатқан жастарды сот та, сот орындаушылары да құйтұрқы әрекетімен өз жеке басының мүддесіне пайдаланып жатыр. Менің басымдағы жағдайды Елбасы, Президент білсе, бұл бассыздықты тоқтатса екен деймін. Қатты шаршадым, амалым таусылды, бұдан соң жастар, әрине шет мемлекеттерге кетуге мәжбүр болады», – дейді «Ақтоты» ШҚ төрайымы А.Тұрсынәлі. Міне, осы мысалдың өзі рейдерліктің түрі мен оны жасау амалдары көп екенін байқатады. Тағы бір мысал келтірсек, қоғам 2015 жылы Қайрат Жамалиев дейтін кәсіпкер істі болғанда оның 5 компаниядағы үлесінің, бірқатар мейрамханасы мен 3 көлігінің тәркіленуін де рейдерліктің бір түрі ретінде бағалаған. Бірақ нақты айғақ жоқ. Ел-жұрт сырттай ғана тон пішкен. Кейде бұқараның арасында тарайтын кейбір қауесетте қисын бар сияқты көрінетіні де бар. Әсіресе, бизнесті түрлі амалмен тартып алу жолдарын халық «қалып айтпайды».

Жеңіл өнеркәсіп: 5 мың жұмысшы далада қалды

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Асхат Аймағамбетов бұл шешімі өндірушілерге ұнамайтынын болжады.

«Бұл шешімді қабылдағанда нені басшылыққа алдық? Біріншіден, эпидемиологиялық жағдайды ескердік. Қазір көптеген өңірімізде карантин шаралары күшейген. Дүкендер белгілі бір уақытта, кейбір қалада жұмыс күндері ғана істейді. Егер ата-ана балаларға мектеп формасын сатып алу үшін сауда орталықтары мен дүкендерге жаппай жөңкілсе, онда ұзын-сонар кезек қалыптасып, COVID-19 жұқтыру қаупін тудыруы мүмкін. Екіншіден, кейбір отбасыдағы уақытша экономикалық қиындықтарға байланысты мектеп формасын алу отбасылық бюджетке қосымша жүктеме болуы мүмкін. Сондықтан егер ата-аналар түрлі жағдайға орай балаға мектеп формасын ала алмаса, онда мектепке классикалық стильдегі киіммен баруға болады», – деді министр.

Демек, киім фабрикалары мектеп формасымен шектелмей, классикалық стильдегі киімдерді де тігіп, ата-аналарға таңдау ұсынуына мүмкіндік бар. Бірақ өндірушілер үшін оқиға өрбуінің әлдеқайда қолайсыз сценарийі бар: егер мектептер ашылмаса, жұртқа классикалық киім де қажет болмай қалады.

Әзірге мектептердің дәстүрлі форматқа қайтуының өзі белгісіз болып тұр. «Мектептерде, колледждерде, ЖОО-ларда жаңа оқу жылының қандай форматта – дәстүрлі не онлайн өтетінін КВИ таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (ВАК) анықтайды. Егер эпидемиологиялық ахуал тұрақсыз болып қалса, оқу форматын Мемлекеттік бас санитарлық дәрігер айқындайды», – деді А.Аймағамбетов.

Айтпақшы, үйінде карантинге жабылған сырқаттарға мобильді бригада мамандары бөлек бөлмеде оқшауландыруға кеңес береді екен. Бірақ баспана жағдайы күрделі бұқара үшін бұл ақыл әжуадай естіледі. Содан науқастар бала-шағасымен араласып, бір дастарқан басында тамақтанады. Ертең осындай отбасылардағы оқушылар мектепке лап қоймақ. Себебі Ashyq қосымшасында балалар қамтылмаған. Жеткіншектерге вакцина егілмейтіні де бар. Ендеше «Білім күні» білім ұйымдары барлық оқушыға есігін айқара ашса, олар індет ошағына айналып шыға келуі ғажап емес. Сондықтан мектеп киімін тігушілердің үміті биыл да ақталмауы ықтимал.

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

НАРЫҒЫМЫЗДЫҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРШІЛЕР КӨРІП ЖАТЫР

Сала кәсіпкерлері бұл индустрия жайрап қалудың алдында тұр деген пікір айтады. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының президенті Любовь Худованың мәліметінше, 2020 жылы трикотаж өндірісі – 48,6%-ға, ерлер мен ұлдар киімі – 32%-ға, әйелдер мен қыз балалар киімі – 21%-ға, шұлық бұйымдары – 30%-ға, қалың киім, свитерлер өндірісі 40%-ға құлдыраған.

Ал 31 арнаның дерегінше, Қазақстанда пандемия басталғалы мектеп формасын тігумен айналысатын 50 фабрика 9 миллиард теңге шығынға батып, 5 мың жұмысшысын қысқартуға мәжбүр болған. Кәсіпорындар жұмысшыларға жалақы төлей алмайтын жағдайға жетіпті. Себебі қоймаларда мектеп формасының жарты миллион жиынтығы қордаланып қалған. Дәл осындай көңіл жабырқататын көрініс 90-жылдары болған.

Қоймаларда таудай болып үйілген тауардың енді қаншалықты жақсы өтетіні беймәлім. Әлеуметтік желіде министр шешімін талқылаған ата-аналар мектеп формасын алмайтынын, іскерлік стильдегі киімді таңдайтынын айтып жатыр. Ата-аналар комитетіндегілер де мектеп басшыларымен осы бағытта уағдаласпақ ниетте.

Республикамызда мектеп формасы нарығының жалпы көлемі қомақты – шамамен 37 миллиард теңгеден асады. Оны негізінен Ресей, Қырғыз Республикасы, Қытай өндірушілері игеріп келді. Ал осы салаға маманданған отандық 50 фабрика нарықтың шамамен 2–5%-ын қамтиды. Бұл шамамен 740 миллионнан 1,85 миллиард теңгеге дейінгі сома. Қауымдастық басшысының сендіруінше, фабрикалардың кірісті болуына осының өзі жетеді. Алайда егер БҒМ ата-аналарды мектеп формасын сатып алуға міндеттегенде, бұл шешімнің игілігін бәрібір ең алдымен көршілер көретін еді.

Әрине, бүкіл жеңіл өнеркәсіп тек мектеп киімінен ғана тұрмауы керек. Қынжылтатыны сол, қазақстандық бұл индустрияның мектепке тәуелділігі оның өзіне сор болып жабысқанға ұқсайды. Сала пандемия кезіндегі ең табысты кәсіп – бетперде, қорғаныш костюмдерінің өндірісіне жылдам бетбұрыс жасап, нарық өзгерісі мен сұранысына бейімделе алмады. Салдарынан, коронавирустан қорғайтын бұйымдарды Қытайдан, Ресейден үлкен көлемде импорттауға тура келді. Шетелдік гуманитарлық көмекке де тәуелді болды. Ел Үкіметі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына бағытталған қаражаттан мол субсидия бөліп, 2020 жылғы шілдеде Нұр-Сұлтанда медициналық маска өндіретін жаңа кәсіпорын ашты.

Мысалы, Ресей мен Өзбекстанда өндірушілер тез бейімделіп, медицина қызметкерлеріне арналған қорғаныш костюмдерін жасауға ден қойған. Солтүстік көршіміз бір айда бұл өнімнің бірнеше миллион бірлігін шығарып, ТМД елдерінің нарығын емін-еркін игеруде. Мәскеудегі ірі төрт компания киім өндірісін тоқтатып, қорғаныш заттарын, комбинезондар, бір реттік халаттар, бетперделер мен бахилаларды тігуге ауысып алды. Сөйтіп, мәскеулік денсаулық сақтау саласының алып нарығын өздері басыбайлы иемденді. Бұл салада Өзбекстан да, Ресей де шетелдік жеткізілімдерге тәуелді емес. Ал біздің өндірушілерге не кедергі?

«Мұның бәрі – қорғаныш заттары. Оны өндіру үшін сәйкестілік сертификаты болуы шарт. Бізге ондай мүмкіндік бермеді. Бюрократиялық кедергілер болды. Лицензия алу, Денсаулық сақтау министрлігінің тізіліміне кіру қажет. ДСМ жанындағы зертханадан сертификаттар алу керек. Ал ондағылар жарты жылдап тексереді. Бұл сала қазір министрлікке берілген. Бұрын жеңіл өнеркәсіпке жататын. Сондықтан қорғаныш бұйымдарын медициналық бұйымдардан бөліп тастау керек. Ресей солай жасап, ұтты», – дейді Л.Худова.

Қауымдастық «Атамекен» ҰКП-ға, ДСМ мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне бірнеше рет хат жазып, қорғаныш костюмдерін, бір реттік комбинезондарды тоқыма бұйымдары санатына жатқызуды сұрапты. Ұлттық палата жеке қорғаныш заттарын сараптамасыз өндіруге болмайтынын түсіндірген: «медұйымдарды медбұйымдармен қамту мәселесіне бұлай жеңіл қарауға болмайды, бұл эпидемиологиялық орасан зор проблемаларға соқтыруы мүмкін».

Отандық фабрикалар дер кезінде нарықты игеріп үлгермеген соң, әбжіл қимылдаған жеткізушілер елді импорттық бұйымдармен жаулады.

ФОРМА ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ СӨЗІ МЕН СТАТИСТИКА БӨЛЕК

Жалпы, ресми статистика мектеп формасын өндірушілер айтып жүргендей, «отандық жеңіл өнеркәсіптің құлдырағанын» растамайды. Қазақстанның индустрия және экспорт орталығының мәліметінше, республиканың жеңіл өнеркәсібі 2020 жылы 128,7 млрд теңгенің өнімін шығарды. Бұл номиналды шамада 2019 жылғыдан 11% жоғары. Биыл 7,2% өсімді паш етуде. Отандық жеңіл өнеркәсіптің өнім өндірісінде негізгі үлес тоқыма өндірісіне тиесілі – 70,8 млрд теңге. Одан кейін киім өндірісі келеді – 46,3 млрд теңге. Теріден жасалған өнімдер өндірісі енді ғана енсе тіктеуде – 11,6 млрд теңге.

Л.Худованың түсіндіруінше, мұндай өсім негізінен, кілем, төсек жабдықтары, тоқыма өнімдері өндірісіндегі өсім есебінен болып отыр, ал олар өнімдерінің 90%-ын экспортқа жібереді.

USAID кәсіпкерлікті және бизнес ортаны дамыту жобасының басшысы Зауре Әбдіраманның байламынша, Өзбекстанның жеңіл өнеркәсібі экспорт арқасында өркендеуде.

«2020 жылы Өзбекстан тек тоқыма өнімдерін экспорттаудан 1,86 миллиард доллар табыс тапты. Өзбек экспортының 70%-дан астамын Ресей, Қытай және Қырғыз Республикасы сатып алды. Неге Қытай өз өндірісі тұрғанда өзге елден тасиды? Себебі бұл ел ҚХР-ді жіппен жабдықтап отыр. Өзбекстан Мемлекеттік статистика комитетінің дерегінше, жеңіл өнеркәсіп экспортының географиясы 70 елге дейін кеңейген, өзбектер әлемге 498 тоқыма өнімдері түрін жеткізеді. Жақында Өзбекстан Қазақстан нарығында киім жеткізу көлемі жөнінен Ресейді басып озды. 2020 жыл ішінде Қазақстанға жалпы құны 9 миллиард теңгедей тұратын 13 мың тоннадан астам өзбек киімі жеткізілген. Бұл алдыңғы жылдағыдан 30,4% көп!» – дейді З.Әбдіраман.

Салыстыру үшін айтсақ, Ресей бір жыл ішінде елімізге 10,1 мың тонна киім сатты. Бірақ табыс жөнінен алпауыт көрші алда: осы киімді өткізуден 78,6 млрд теңге кіріс көрді. Себебі ресейлік киім қымбат, өзбектікі – арзан. Әйтсе де, солтүстік көрші өз өнімдерінің құнының жоғары болуынан өзбекке жол беруде.

USAID өкілінің айтуынша, Өзбекстан 2020 жылы тоқыма өнеркәсібін мемлекеттік қолдаудың қуатты шараларын қолға алды. Ол өз жемісін беріп жатыр. Nike, ADIDAS, INDITEX, Massimo Dutti, Zara, Pull & Bear, Oysho, Bershka, Stradivarius, Uterque, Zara Home секілді жаһандық брендтердің өнімі енді Өзбекстанда жасалып, ТМД-ға тарайды. Мұнымен шектелмей, әлемдік нарықты жаулау үшін Өзбекстан экономикасының Ассамблеясы (ӨЭА) Uzbekmart.com ұлттық цифрлы B2B платформасын іске қосуда. Өзбекстан Еуропалық одақтың GSP+ преференциялар жүйесіне қосылды. Бұл оған ЕО-ға 6 200-ден астам тауар түрін баж салықтарынсыз апаруға мүмкіндік береді.

Осылайша, өзбек ағайын өзінің не көршілерінің нарығымен шектелмей, дүниежүзілік нарықты жаулауға үлкен әзірлікпен әрі кешенді түрде кірісті. Қазақстандық жеңіл өнеркәсіп өкілдерін тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинауға шетелге емес, іргедегі Өзбекстанға жіберген жөн секілді.

Кеш сөйлеу кекештікке әкеле ме?

Қазір балалардың дені кеш сөйлейді. Мұны логопедтер мен психологтер растап отыр. Олардың айтуынша, бала 3 жастан асқанша өз ойын анық жеткізе алмаса, маман көмегіне жүгінген жөн. Әйтпеген жағдайда кеш сөйлеу кекештікке әкеледі. Одан бөлек, бала бойында түрлі проблема туындайды. Мұндай жағдайға тап болмас үшін не істеу керек? Кінәні смартфоннан іздейміз бе?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ЛОГОПЕД ПЕН ДЕФЕКТОЛОГ КІМ?

Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы кейінгі кезде логопед мамандарға сұраныс артқанын мәлімдеген. Бұған себеп – бала тілінің кеш шығуы. Сол үшін дәрігерлер бала дүниеге келісімен дамуын толық бақылауда ұстауға шақырады. Бұл міндет кімге жүктеледі? Әрине, ата-анасына. Өйткені ата-аналардың көпшілігі баласы 3-4 жасқа дейін сөйлемесе, «еркелікке» балап жүре береді немесе ұл-қызының қатарынан кеш дамып келе жатқанын жасырып, айтқысы келмейді. Осыған ұқсас мысалдарды біз логопед-дефектологтармен тілдескенде білдік. Олардың айтуынша, сөйлеу тілі дамуының арнайы алгоритмі мен фазасы бар. Соны бақылауда ұстап, демеу керек.

Бала 6 айдан асқанда дыбысқа еленбеп, көзге тура қарай алуы қажет. 9 айлығына дейін былдырлап, «өз тілінде» түрлі дыбыс шығарса игі. Одан кейін бір жастан асқанында кемінде 10-15 сөз айтып, екі жасында сөздік қоры 300-ге жеткені жөн. Осылайша, 3 жасқа толған бала сөйлем құрап, ойын жеткізе алатын болады. Егер бала аталғандарды орындай алмаған болса, невропатолог, логопед пен дефектологтың көмегіне жүгінесіз. Негізі, дефектологтар бір жастан асқан балалармен жұмыс істей береді. Ал логопед 3 жастан асқан балаларды үйретуге бейім. Өйткені осы шақта бала маманның айтқанын орындап, моторика жаттығуларын жасап, назары мен ойлау жүйесін дамытады. Маман кеңесін алмас бұрын ата-аналарда сұрақ туатыны белгілі. Бала тілі неліктен кеш шығады?

Білікті логопед-дефектолог Күлпәш Айдарбекқызының айтуынша, жүктілік кезіндегі кейбір қиындықтар, ата-ананың баламен аз сөйлесуі, үй ішіндегі коммуникацияның екі-үш тілде жүруі балаға әсер етеді. Сондай-ақ баланы шектен тыс еркелетіп, «бала тілінде» ұзақ уақыт сөйлесудің де зияны бар. Соның ішінде смартфоннан мультфильм қосып, ұзақ уақыт пайдалануға беру де кері әсер тиеді. Өйткені сәби дүниеге келгеннен бастап, қоршаған ортамен байланыс орнатады. Ата-анасын, үй ішіндегілерді тыңдау арқылы бейімделеді. Ал ата-анасы қазақша сөйлеп, теледидар орысша, YouTube ағылшынша сайрай жөнелсе, баланың қабылдауы нашарлайды. Сәйкесінше, бұл кеш сөйлеуге әкеледі. Сондықтан ДСҰ 2 жасқа дейін балаларға смартфон мен теледидар көруді шектеуге шақырады. Себебі сандық құрылғылар баланың бас миындағы орталықтардың жетілуіне тиісінше тосқауыл қояды.

«Жалпы, 3 жасар бала ол жеке тұлға. Онымен үлкен- кіші сөйлесіп, жұмсауы керек. Сонда ол дамиды. Әрине, кеш тілі шыққан бала кекештеніп сөйлейді. Өйткені оның сөздік қоры аз. Сөз арасында бірнеше рет тоқтайды, тыныстайды, жұтынады. Кекештенудің өзі әртүрлі болады. Мысалы, тілі кеш шыққан баланың жақсы оқуға шамасы жетпей жатады. Ал оған ата-анасы «жақсы оқы, бірінші бол» деп жиі талап қояды. «Осы айтқандарды орындай аламын ба?» деп жүріп, бала одан сайын кекештенуі мүмкін. Егер бала бойынан кекештікті ерте анықтап, маманға алып келсе, тыныс алу жаттығуы, массаж, бассейн арқылы көмектесуге болады», – дейді ол.

Тиісінше кеш сөйлеген баланың оқу үлгерімінде қиындық пайда болады. Диктант жазу, қосып оқу, жылдамдыққа жұмыс істеу қиынға соғады. Бұдан әрі кекеш баланы қатарластары мазақтағасын өзін қоршаған ортадан аулақ ұстауды шығаруы мүмкін. Осылайша, оның психикасы сыр беріп, тұйықтала бастайды. Ал мұның арты түрлі жағдайға әкелетіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан мамандар бала бойындағы динамикаға мән беріп, уақытында әрекет еткен жөн деп отыр.

ОЙЫН ЖЕТКІЗГІСІ КЕЛЕДІ, БІРАҚ...

Кейіпкеріміз Ақылбек Бершінбекұлы жиендерінің бірінің тілі кеш шыққанын, екіншісі логопедтің қабылдауына барып жүргенін айтады. Маман көмегіне жүгінген баланың сөйлегісі келеді-ақ, бірақ «бала тілінде» былдырлаудан ары аса алмайды. Ата-анасының өзін түсінбей жатқанын сезген сәтте, жан-жақтың астаң-кестеңін шығарып, мінез көрсетеді екен. 3 жастан асқан баланың мұндай әрекетіне ол смартфонды кінәлап отыр.

Ал логопед Майра Болатбекқызы кінә тек смартфонда емес, ата-ананың бір-бірімен аз сөйлесуінде екенін атап өтті. Одан бөлек, «баланың әкесі кезінде кеш сөйлеген екен», «әлі де уақыт бар, 4-5 жасқа дейін күте тұрайық» деуі де бала дамуына кедергі келтіреді. Егер ата-ана баласын мамандарға апарып көрсеткісі келмесе, динамиканы бақылауы шарт. Мәселен, бір айдың ішінде қанша сөз үйренгенін бақылаудан бастаған жөн екен. Логопедтің айтуынша, екі-үш айдың ішінде алға ілгерілеу болмаса, арнайы ем-шара жасап, педагогикалық машыққа бейімдеу керек.

Осы тұста логопед-дефектолог Күләш Айдарбекқызы баланы бір жастан асқанша емізудің маңызы зор екенін баса айтты. Өйткені анасын дыбыс шығару арқылы шолмылдатып емгенде тіл дыбыстарының артикуляциясы дамиды. Сол үшін ана сүтінембей, емізік еміп, қол сорып үйренген балаларда да осындай қиындықтар кездесуі мүмкін. Маман сондай-ақ мұндай балалардың «р», «л» дыбыстарын таза айта алмай қалып жататынын да ескертті. Сондықтан ол жас аналарға баласын ұзағырақ емізіп, емізу барысында бесік жырын айтуға кеңес береді. Осындай сәтте бесік жырын тыңдаған бала дыбыстарды анық естіп, уақытында сөйлеуге дағдыланады. Оған қоса жасына байланысты ертегі тыңдап бейімделгеннің де пайдасы бар. Бір жағынан тіл дамуына көмектессе, екіншіден ертегі арқылы қандай жағдайда не істеу керегін үйренеді. Қызығы сол, бала кезінен қатты тамақ жемей өскен балалардың тілдері жұмсақ болып жатады. «Бұрын қазақта мұндай проблема жиі кездеспейтін. Өйткені балалар сүйек мүжіп, құрт сорып, сәбіз жеген. Бұл балаларға әдемі сөйлеп, таза дыбыс айтуға көмектескен», – дейді логопед.

YOUTUBE-тегі МЫЛҚАУ МУЛЬТФИЛЬМ

Әлеуметтік желіде сауалнама жүргізгенімізде желі қолданушыларының бірі баласының YouTube-те мылқау мультфильм көретінін жазды. Олар қанша жерден өшіріп тастаса да, бала аталған мультфильмдерді тауып алуға дағдыланған. Ал өзі болса, жасы 3-тен асса да сөйлеуге асықпайды.

Алғашында мұндай мультфильм жайлы естімегеннен кейін таңырқап қалдық. Артынша желіден іздеп, бір-екеуін көріп шықтық. Расымен, сюжет жүріп жатыр, ойнақы музыка бар, бірақ кейіпкерлер сөйлемейді. Арасында «бала тілінде» дыбыстап қоятыны бар. Ал мұндайды көріп өскен баланың дамуы кешеуілдейтіні айтпаса да түсінікті болар. Өйткені санасына «мультфильмдегідей ымдап түсіндірсем де жеткілікті екен» дейтін сигнал баратыны сөзсіз.

«Иә, домалақ шариктердің ерсілі-қарсылы жүгіріп жүргенін көріп жүрміз. Бұл аниматорлардың балалар қай тілде сөйлесе де, көруге ортақ болсын деп шығарған дүниесі. Сондықтан қазір осы мультфильмдер танымал. Бірақ мұның кері әсері бар. Сөйлемейтін кейіпкерлер баланы сөйлемеуге итермелейді. Сюжеттегі кейіпкерлер бәрін іс-қимылмен көрсеткесін, бала да бұл қалыпты құбылыс екен деп ойлайды. Кейбір баланың кез келген затты саусақпен көрсетіп, ыңылдап түсіндіретіні осыдан», – дейді логопед Майра Болатбекқызы.

Одан бөлек, мамандардың айтуынша, баланың көзінше оны өзгемен салыстырып, «балам әлі сөйлемей жүр» деп айтудың қажеті жоқ. Себебі 3 жастан асқан бала бәрін түсінеді, ойлайды. Егер одан талап етуді, туысқанның баласымен салыстыруды жалғастырсаңыз, ұл-қызыңыздың дамуы одан сайын кешеуілдеуі мүмкін. Логопедтер мүмкіндігінше баламен сөйлесіп, түсіндіріп, ойнап, сурет салуды ұсынады. Ойыншық түрлеріне келгенде де моториканы дамытатын ойындарға бейімдеп, қадағалау қажетін ескертеді.

Интернет адалдықпен ақша табудың көзі ғана емес, алаяқтардың халықты алдап-арбайтын ортасына да айналған. Aiqyn газеті интернеттегі алаяқтық жайлы сан мәрте жазды. Бірақ онлайн алаяқтардың айласы да таусылар емес. Бір ғана Қарағандының өзінде осындай ондаған қылмыс тіркелді.

Ғаламтор салған «тор»



«КИІМ САТЫП АЛЫҢЫЗ»

Интернет арқылы киім «сатқан» қарағандылық әйел бірнеше адамды алдап кетті. 13 шілдеде Қарағанды қаласының ПБ Октябрь аудандық полиция бөліміне Алматы облысының 36 жастағы тұрғынынан арыз түсті. Ол алаяқ адамға алданып қалғанын хабарлады. Белгілі болғандай, жәбірленуші интернеттен киім сататын жарнама тауып алады. Жарнама авторымен байланысқа шығып, қажетті өнімді жеткізу шарттарымен өзара келісім жасасады. Осы уақытта сатушы 28 мың теңге алдын ала төлемді талап етіп, ақшаны аудартып алған. Белгіленген уақытта тауар жәбірленушіге жетпей, сатушы хабарсыз кеткен. Алданғанын түсінген әйел веб-портал арқылы Қарағанды полициясына жүгінген. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында криминалдық полиция қызметкерлері күдікті 32 жастағы әйелді анықтап, ұстады. Сотқа дейінгі тергеу барысында полиция ұсталған адамның осыған ұқсас сегіз қылмысқа қатысы барын анықтады. Шығынның жалпы сомасы шамамен 260 мың теңге. Оның үстінен Қылмыстық кодектің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазір тергеу жүріп жатыр.

«ПӘТЕР ҰТЫП АЛДЫҢЫЗ...»

Дәл осылай деп қоңырау шалған бір адамның сөзіне сенген Сарыағаш тұрғыны алданып қалғанын бір-ақ білген. Бұл алаяқтыққа қатысы бар қарағандылық әйел анықталды. Оқиға былай өрбіген: Сарыағаш аудандық Полиция басқармасына жергілікті тұрғын әйел хабарласып, алаяқтың құрбаны болғанын айтқан. Оның айтуынша, белгісіз адам телефон арқылы қоңырау шалып: «Пәтер ұтып алдыңыз, оны алу үшін 500 000 теңге аудару керексіз» деп есепшотына 500 000 теңгені алаяқтық жолмен аудартып алған екен...

Аталған жайтты Сарыағаш АПБ-ның полицейлері Қылмыстық кодекстің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша тіркеп, іздестіру жұмыстарын бастап кетті. Сарыағаш полицейлері жедел-іздестіру жұмыстарын жүргізіп, күдікті деп танылған Қарағанды қаласының тұрғынын анықтап, полиция бөліміне жеткізді. Күдікті әйелдің жәбірленушіге жалған ақпарат беріп, ақшаны өз қажетіне жаратқаны белгілі болды. Қазір тәртіп сақшылары оқиғаның толық мән-жайын тексеріп жатыр.

«ПРИНТЕР, НОУТБУК ЖӨНДЕП БЕРЕМІН»

Қарағандыда 13 тұрғынды алдап кеткен алаяқ қолға түсті. Өзін IT технологиялар саласындағы маман ретінде таныстыра отырып, қаланың 13 тұрғынынан алдап ақша алған. 29 маусымда Қарағанды қаласының ПБ Орталық полиция бөліміне 39 жастағы қала тұрғынынан арыз түсті. Жәбірленушінің айтуынша, бір ер адам алаяқтық жолмен 94 мың теңге ақшасын иемденіп кеткен. Әлеуметтік желідегі жарнамада өзін IT технологиялар саласының маманы, сондай-ақ бейне және аудио жабдықтарын сататын және жөндейтін компанияның маманымын деп таныстырған азамат байланысқа шыққан. Жәбірленуші мультимедиялық жүйені сатып алып, орнатуды жоспарлаған. Алаяқ алдын ала 94 мың теңге төлеуді талап етіп, тапсырыс берушіден алдын ала ақша алып алған. Ақшаны алғаннан кейін компания өкілі байланысын тоқтатып, хабарсыз кеткен. Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша қылмыстық іс қозғалды. 21 шілдеде жедел-іздестіру іс-шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері күдікті – 30 жастағы ер адамды анықтап, ұстады. Ол кінәсін мойындап, сотқа дейінгі тергеу барысында криминалдық полиция күдіктінің тағы осыған ұқсас 12 қылмысқа қатысы барын анықтады. Алаяқ әр тұтынушыға бір жағдайда принтерді, екіншісінде ноутбукті жөндеймін деп уәде берген. Жалпы шығынның сомасы – 300 мың теңге. Айғақты заттар алынып, қазір тергеу жүргізіліп жатыр. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

«ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРАМЫН»

Тағы бір алаяқ Сәтбаев қаласының тұрғынын жарты миллион теңгеге алдап кетті. 34 жастағы қала тұрғыны Сәтбаев қаласының полиция бөліміне жүгінеді. Ол бір ер адамның алаяқтықпен 500 мың теңге көлеміндегі ақшаны иемденіп алғанын айтты. Арызданушы жұмыссыз жүрген ағасына жұмыс табуға көмектеспек болған. Жұмысқа тұрғызуға уәде берген бір адаммен келіскен. Бұл қызметі үшін ол 500 мың теңге көлемінде алдын ала ақша алады. Ақшаны алған делдал хабарсыз кетіп, жәбірленуші алаяқпен кездескенін түсініп, полицияға жүгінген. Қылмыстық кодекстің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша қылмыстық іс қозғады. 21 шілдеде жедел-іздестіру іс-шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері күдікті 24 жастағы ер адамды анықтап, ұстады. Ол кінәсін мойындап, қазір тергеу жүргізіліп жатыр.

Қысқасы, қазір адамнан айла артылмай тұр. Алаяқтықтың да түрлі жолдары пайда болды. Әрине, кейде әккі алаяқтардың құрған торына азаматтар ашықауыздықтан түсіп қалады. Сонымен бірге мемлекет ұсынған қызметке көңілі толмағандықтан арбалады. Мәселен, Сәтбаев қаласының тұрғыны біреуге жұмыс іздеу үшін біреуге ақша бергенше, алдымен еңбек биржасын қарастырып, тиісті мемлекеттік органдарға байланысқа шығуы тиіс еді. Бәлкім хабарласқан да шығар, алайда бақандай 500 мың теңге беріп жұмысқа орналасу үшін айлығы мен мансабы тәуір қызмет іздегенге ұқсайды. Алайда енді оқиғаның толық мән-жайын тергеушілер анықтай жатар. Ал біз мысал еткен оқиғалардың барлығындағы бір ұқсастық – интернет арқылы алаяқтық жасау. Азаматтар интернеттің ұңғыл-шұңғылын білетіндерідің арбауына жиі түсіп қалады. Демек, алданбау үшін де алдын ала төлем жасамау, банк картасының суретін ешкімге жібермеу, ұялы байланыс нөмірі мен поштаны әлеуметтік желілердегі парақшаларға ашық жазбау, банк немесе қандай да бір компания атынан хабарласқан жағдайда ерінбей кері байланыс жасау тәрізді сансыз амалдарды үйренген азбал болса керек. Дұрысы, мұндай амалдар қоғам мүшелерінің дағдысына айналса ғана интернеттегі алаяқтық сәл де болса саябырсуы мүмкін.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Тұтынушы құқығын кім қорғайды?

(Басы 1-бетте)

Келіп түскен арыздар «Тұтынушылар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау қауымдастығы» Солтүстік Қазақстан қоғамдық бірлестігіне жолданады. Қауымдастық төрайымы Надежда Дубоваяның айтуынша, соңғы кезде шағымдар тым көбейіп кетті. Сорақысы сол, алаяқтардан негізінен зейнеткерлер зардап шегіп отыр. Мәселен, Gummi Plast жеке кәсіпкерлігі «пластикалық терезелердің сапасын тегін тексеріп береміз» деп талайларды сан соқтырған. «Тегін дегенге құлақтары елең ете қалған қариялар қуана келіседі. Келген адамдар бірден келісімшартқа қол қойғызады. Қарттардың көбі оның мәтінін оқымайды немесе көздері көрмейді. Жұмысшылар 2-3 резеңке мен тұтқасын ауыстырып, 180 000 теңге талап етеді. Мұнымен келіспесе, келісімшартқа қол қойғанын алға тартады», – дейді Надежда Владимировна.

Қазір қауымдастық осы Gummi Plast жеке кәсіпкерлігіне қатысты бірнеше шағымды қарастырып жатыр. Бірнешеуі сотта қаралып, тұтынушының пайдасына шешіліпті. Солардың бірі – Анна

Калеченкова 5 тұтқа үшін 172 000 теңге тым қымбат екенін айтып, ескі тұтқаларын қайта орнатуларын талап еткен. Түптеп келгенде, ол жаңа тұтқаларға мұқтаж болмапты әрі терезелерінің кепілдік мерзімі де өтпеген екен. Алайда жеке кәсіпкер оған ақшасын қайтарудан бас тартқан. Ақыры зейнеткер тұтынушылар құқығын қорғау қауымдастығына, кейін сотқа жүгінуге мәжбүр болып, шығынын қайтарып алды.

Осындай мысалдар өте көп. «Қала тұрғындарын сан соқтырып жүрген осы компания өкілдері негізінен зейнеткерлерді жағалайды. «Олардың байланыс нөмірлерін қайдан алды?» деген заңды сұрақ туындайды. Меніңше, мұндайда құқық қорғау органдары араласуы тиіс. Бірақ олар бұл азаматтық-құқықтық қарым-қатынас екенін алға тартады. Адамдардың зардап шегіп жатқанында не полиция, не прокуратураның шаруасы жоқ. Халыққа төніп тұрған қауіпті, алаяқтық белгілерін көрмей ме?» – деп налиды Надежда Дубовая.

Былтыр қыстығүні 112 000 теңгеге шатырын жөндеткен зейнеткер Людмила Пестова көктем шыға төбеден қайтадан су аққандықтан мердігерге өтініш айтқанымен, «Таиров» жеке кәсіпкерлігі қайта жөндеуден бас тартыпты. Ақыры қария соттасып жүріп, үйінің төбесін қайта жөндеуге қол жеткізді. Әзірге сот жүріп жатыр, бірақ кәсіпкер талапкердің айтқанына көнген сынайлы. Надежда Владимировнаның айтуынша, мұндай жағдайларда көбінесе келісімшарт та жасалмайды. Ондайда куәгерлерді тартуға және WhatsApp мессенджері арқылы жазылған жазбаларға жүгінуге тура келеді.

Орындыққа арналған жамылғы саудалаушылардан зардап шеккендер бір төбе. Бұл компанияның қызметкерлері өз өнімдерінің тұсаукесерін өткізіп, оған шақырылған адамдарға арнайы жамылғысы бар креслода «керемет жапон массажын» жасаумен айналысады екен. Бұл сылап-сипау барлық дертке шипа-мыс. Ең соңында келушілерге өз тауарын сатып алуды ұсынады. Бағасы күйіп тұр – 700 000 теңгеден астам. Тұсаукесерден соң келісімшартқа қол қойып, 300 000 теңге, кейін тағы 105 000 теңге алдын ала төлем жасаған петропавлдық Галина Карелина сатушының «тауарды жеткізіп береміз» дегеніне сеніп, үйіне кеткен. Ал Egawen компаниясының қызметкері оған массаж жасайтын креслоның орнына тек жамылғысын ғана әкеліп беріпті. Кейін сатушыларды іздеген тұтынушы олардың орнын сипап қалған. Алматыда тұратын компания өкілдері сот шешіміне сәйкес Галина Александровнаның ақшасын толық көлемде қайтарып, оның үстінен айыбы мен моральдық шығынын өтейтін болды.

ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТ

Қауымдастық төрайымы сот отырысы негізінен тұтынушы пайдасына шешілетінін айтты. Бірақ ара-тұра жеңіліс табатын кездері де болып тұрады.

Мәселен, 600 100 теңгеге швейцариялық қолсағат сатып алмақшы болып, ақырында не ақшасыз, не тауарсыз қалған тұтынушының талап-арызы қалалық сотта қанағаттандырылғанымен, облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы бұл шешімнің күшін жойыпты. Өйткені сот түбіртекте 600 100 теңге сағат үшін аударылғаны, құжаттарда сағаттың маркасы, өндірушісі көрсетілмегенін, жазбаша келісімшарт жасалмағанын, қысқасы талапкер сағат сатып алғанын дәлелдей алмағанын, түптеп келгенде желілік маркетингке ақша салғанын алға тартқан. Төрағалық еткен судья Айдар Смағұлов бұл істі медиациялық жолмен шешуге мүмкіндік болғанын, жауапкер 600 100 теңге қайтаруға келіскенін, бірақ талапкер тарап тағы 100 000 теңге көлемінде айып төлемі мен моральдық шығынын өтеуді талап еткенін айтады. Жалпы, негізінен сот тұтынушыларды қолдауға бейім. Ал бұл жерде желілік бизнес туралы мәселе қозғалып отырған көрінеді. Енді жеңіліс тапқан тарап Жоғарғы Сотқа жүгінбекші.

Төрайымнан білгеніміздей, Ресейде тұтынушы құқығын бұзған кәсіпкер айыппұл төлейді екен. Қазақстанда бұл айыппұл алынып тасталған. 30 жылдан бері тұтынушы құқығын қорғаумен айналысып жүрген Надежда Дубовая кәсіпкерлерге айыппұл салынған кезде олар дәл қазіргідей еркінсімегенін айтады.

Қазір дүкендерде жарамдылық мерзімі өткен азық-түлік жиі кездеседі, супермаркет сөрелерінде көрсетілген баға кассадағымен сәйкес келмейді. Осының бәрі адамдарды алдау деп санайды қауымдастық төрайымы. Заң бойынша сатушы жарамдылық мерзімі өткен, техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарды 30 күн ішінде қабылдап, ақшасын қайтаруға міндетті.

«Нарық субъектісінің жұмысы тұтынушыны алдауға құрылмауы тиіс. Қазір кәсіпкерлерге жасалған жеңілдік тым көп. Президент Жарлығына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жарияланды. Бұл оларды тым еркінсітіп жіберді. Жарты жылда бір рет қоғамдық бақылау жасауға тиіспіз. Оның өзінде баратынымызды алдын ала хабарлауымыз керек. Одан кейін біз барғанша кәсіпкер барлық кемшіліктерін түзеп, мерзімі өткен не сапасыз тауарларды жойып жіберетіні белгілі ғой. Ал тұтынушы мүлдем қорғалмаған», – дейді қауымдастық төрайымы.

Департамент басшысы Ләзім Мияшеваның айтуынша, көптеген жеке кәсіпкерлер арасында жоспардан тыс тексерулер тағайындалмаса, тұтынушылардың құқықтарын бұза отырып, жазасыз қаламыз және жауапкершілікке тартылмаймыз деген қате түсінік қалыптасқан.

Надежда Дубоваяның пікірінше, заңнама мен сот жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан заңының жобасына тұжырымдама жобасын әзірледі. Оған бүкіл Қазақстан тұтынушыларының құқығын қорғаумен айналысатын қоғамдық бірлестіктер ұсынған ұсыныстар енгізілді. Тұжырымдама тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіруге, қоғамдық бірлестіктердің рөлін күшейтуге, Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен институтын енгізуге бағытталған.

Әзірге бұл қауымдастық ерікті жарна есебінен ғана жұмыс істеуге мәжбүр. Надежда Дубоваяның «Сауда жасағаныңыз үшін рақмет» жобасы өнір басшысы тарапынан қолдау тапқанымен, аяқсыз қалыпты. Оның аясында қауымдастық дүкендерден азық-түлік сатып алып, тәуелсіз сараптама орталығына тапсырмақшы болған. Ал сарапшылар азық-түліктің қаншалықты қауіпті не қауіпсіз екенін анықтауы тиіс. «Бұл кәсіпкерлерді де тәртіпке шақырып, сапалы тауар өндіруге және сатуға итермелейді. Екінші жағынан тұтынушы да хабардар болады. Бұл жерде ұлт денсаулығы туралы мәселе көтеріліп отыр. Азық-түліктің құрамында химиялық зиянды заттар тым көп. Ертең біреу-міреу өліп кетсе, кім жауап береді? Адамдар зардап шекпеуі үшін осындай жобаны жүзеге асырмақшы болып едік, одан түк шықпады», – дейді Надежда Владимировна.

Қауымдастыққа ешқандай грант та, қаржы да бөлінбейді екен. Сарапшылар да тапшы. Ал шағымдар саны жылдан-жылға көбеймесе, азаяр емес. Қауымдастықтың шкаф сөрелері арыздарға лық толы. Сапасыз тауар сатып алғанымен, ешқайда жүгінбей, қолын сермей салғандар қаншама?

Биыл елімізде тұтынушылардың өтініштерін қабылдау және қарау процесін автоматтандыруға, оларды жүйелеуге және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық деңгейінде есепке алуға арналған e-tutynushy.kz бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді. Осы жүйенің мобильді нұсқасы да әзірленді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі барлық аумақтық департаменттер пайдаланушылардың санын арттыру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұдан соң тұтынушылық даулар саны арта түсері анық. Жалпы, американдық сарапшылардың зерттеуі көрсеткендей, адамдардың 84 пайызы кейбір тауарларды ойланбастан сатып алып, көпшілігі кейін қайтарып жатады. Осындайда тұтынушы құқығын қорғайтын әрі қаржылық сауаттылығын арттыратын ұйымдар керек-ақ.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Сайланған әкімдерге сенім білдірді

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өткен айдың 25 жұлдызында елімізде тұңғыш рет өткізілген ауыл әкімдерінің тікелей сайлауында жеңіске жетіп, өздеріне сенім білдірген округтердің тізгінін ұстаған ауылдық округ әкімдерімен кездесті.



Облыс басшысымен жүздесуге сайлауда ел сеніміне ие болғандар арасындағы екі әйел әкім – Ақсу ауданындағы Ойтоған ауылдық округінің әкімі Венера Берікова мен Сарқан ауданындағы Аманбөктер ауылдық округінің әкімі Шырынгүл Нұрханова, ең жас әкім ретінде Қарасай ауданындағы Елтай ауылдық округінің әкімі Біржан Махатов, сол сияқты Талғар ауданындағы Панфилов ауылдық округінің әкімі Серік Шалов, осы аудандағы Бесқайнар ауылдық округінің әкімі Арман Жабаев келді. Сонымен қатар аудан басшылары мен басқа да жаңа сайланған округ әкімдері жиынға бейнебайланыс арқылы қатысып отырды.

Су жаңа округ әкімдерін сайлануларымен құттықтаған облыс әкімі олардың жұмыстарына сәттілік тіледі. Оларға жүктелген бірқатар міндет-мақсаттарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазақстандық қоғамды демократияландыру мақсатында әкімдер сайлауы өтіп, сайлауда халық сеніміне ие болдыңыздар. Біздің облыста 71 округте сайлау өтті, соның 37-сінде әкімдер өзгерді. Мен барлық әкімнің өмірбаянын қарап шықтым, бәрінің тәжірибесі бар, білімді азаматтар, яғни кадрлардың сапалық құрамы жақсы. Облыста жалпы саны 742 елді мекен бар. Оның әрқайсысына баруға біздің уақытымыз да, мүмкіндігіміз де бола бермейді. Соныктан сол өңірлердегі жағдай қандай, халықтың қандай өтініш-тілегі бар, соның барлығын дер кезінде біліп, шешімін күткен мәселелер болса, бізге жеткізіп, бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Өңірлердегі жұмысқа жаңаша көзқарас қажет, әр істе бастамашы болу керек. Аймақтарда су, жол, үш ауысымды мектептер, басқа да өзекті мәселелер көтеріліп жатады. Солардың әрқайсысын жіті зерделеп, мән-жайдан хабардар болып, дұрыс шешімін қарастыру қажет. Елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтарды бей-берекет тастауға жол берілмеуі тиіс. Газдандыру ісіне де ерекше назар аударыңыздар. Бізде атқарылып жатқан жұмыс көп, оны да халыққа жеткізіп отырыңыздар. Ауылдық жерлерде шаруашылықтар субсидия алды ма, қай өңірлерге сервистік дайындау орталығын құру керек, қай аймаққа техника қажет, қай ауылда жағдайы төмен қанша отбасы бар? Осының барлығы сіздердің жіті назарларыңызда болуы тиіс. Округтерге бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалануды үнемі назарда ұстаңыздар. Біз жаңа округ әкімдерінен жанды жұмыс, тың бастамалар күтеміз. Өзара бірлесіп атқарғанда ғана жұмысымыз нәтижелі болады, – деді Амандық Баталов.

Мұнан соң Ақсу ауданындағы Ойтоған ауылдық округінің әкімі Венера Берікова 14 жылдан бері мемлекеттік қызметте жүргенін, өзі туған өңірдің дамуына атсалысып келе жатқанын, жағдайды жақсы білетінін айтты. Енді округ әкімі ретінде туған жеріне қызмет етпек.

Ал әскери салада біраз жыл еңбек етіп, тәртіп пен табандылыққа төселген маман, Талғар ауданындағы Панфилов ауылдық округінің әкімі Серік Шалов өз сөзінде ел сенімін ақтап, халыққа адал қызмет ететінін білдірді:

– 71,9% дауыс жинап, ел үмітін арқалап әкімдік қызметке кірістім. Әскери адам ретінде нақты нәтижеге жету жолында жұмыс істеуге бар күш-жігерімді жұмсаймын. Қазір сайлауалды бағдарламаны орындауға, халықтың талап-тілегін іске асыруға өңірдегі ақсақалдар кеңесі, қоғамдық кеңес сияқты қоғамдық ұйымдармен бірлесіп кірісіп жатырмыз. Елдің сенімін ақтап, көптің игілігіне қызмет ететініме сендіремін, – деді Серік Шалов.

Жиынды қорытындылаған Амандық Баталов аудан, қала басшыларына және ауылдық округ әкімдеріне Елбасы мен Президент тапсырмаларына орай тың міндеттер жүктеп, жұмыстарының жемісті болуына тілектестігін білдірді.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Бибосынов жартылай финалға шықты

Бокстан тағы бір отандасымыз жартылай финалға жолдама алды.

52 келі салмақта бокстасатын Сәкен Бибосынов Токио Олимпиадасының жартылай финалына шықты. Ол ширек финалда испан Габриэль Эскобармен кездесу өткізді. Осыған дейін құрлықтық додаларда жеңімпаз болған ол Бибосыновпен барынша жұдырықтасты. Тартысты өткен жекпе-жек 3:2 есебімен Сәкеннің пайдасына шешілді.

Ал 63 келі салмақта өнер көрсеткен Закир Сафиуллин үшін Олимпиада аяқталды. Ол ширек финалда аустралиялық Хариссон Гарсайдпен қолғап түйістіріп, жеңіліп қалды. Алғашқы раундта ширақ қимылдаған Сафиуллин кейінгі екі раундта қарсыласына басымдық беріп қойды.

Сонымен, бокс секторы бойынша екі спортшымыз жарыс жолын жалғастырады. Оның бірі – Сәкен Бибосынов (52 келі), екіншісі – 91 келіден жоғары салмақтағы Қамшыбек Қоңқабаев.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Желіде танымал жылқышы қыз

Мал бағып, бие сауып, ауыл тіршілігін боямасыз көрсетіп жүрген жылқышы қыз желі жұлдызына айналды.

Асыл Ахметова – Солтүстік Қазақстан облысы Озерное ауылының тумасы. Ол күн сайын жайылымдағы сәттерді таспалап, TikTok-қа жүктейді. Көбіне ауыл өмірі туралы айтып, жылқы бағып, халық әндерін шырқап бейнежазба түсіреді.

24 жастағы қыз елордадағы оқуын аяқтап, ауылына оралып, мектепке жұмысқа орналасқан. 7-сыныптан бастап ата-анасына мал бағуға көмектесетін Асыл үшін жылқы бағу үйреншікті іс. Сондықтан мектептегі жұмысынан қолы қалт ете қалса, мал бағады. Ол тек атқа мінуден бөлек, мотоцикл жүргізе алады.

Оның желідегі ойнақы әрі дәстүрді насихаттаған бейнежазбасы жылдам қаралым жинайды. Асылдың видео түсіріп, блог жүргізуіне әкесі көмектеседі екен. Келешекте ол жеке фермасын ашып, желі қолданушыларына ауыл тіршілігін толық көрсеткісі келеді.

А. ЖОЛДАС

777 шақырымды жаяу жүріп өтті

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай продюсер әрі блогер Асхат Қажытай Қарағандыдан Ұлытауға дейін 777 шақырымды жаяу жүріп өтті.

Осынша жол жүрген марафоншыны «Ұлытау – ұлт ұясы» монументінің жанында әжейлер шашумен қарсы алып, қымыз ішкізді.

«Менің «Жаяу» марафонымның негізгі мақсаты – адамдарға аудандар мен ауылдардың өмірі мен тарихы туралы айтып беру. Мені алда ұзақ жол күтіп тұр. Оның алдында мен қасиетті Ұлытауға барып, бата алуды шештім» деп бөлісті саяхатшы.

Айта кетерлігі, бұл Асхаттың алғашқы жаяу марафоны емес. Өткен жылы ол Қарағандыдан Ақсоранға дейін 333 шақырым жол жүріп өтті. Саяхатшы бес маршрут жасаған. Марафон күзде Түркістанда аяқталады. Ол аяқталғаннан кейін Асхат өзінің саяхаты туралы бейнеесеп пен кітап шығаруға ниетті. Марафоншы болашақта Еуропаны жаяу бағындыруды жоспарлап жүр.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Токио төрінде жаңарған рекордтар

Жапон жерінде Токио Олимпиадасы басталғалы бері әлемдік рекордтар бірінен соң бірі жаңарып жатыр. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген спортшылар жарыс кезінде үздік нәтиже көрсетіп қана қоймай, бұған дейінгі өткен 4 жылдықтың басты додасында тіркелген рекордтарға өзгеріс енгізуде. Ендеше 2021 жылғы Олимпиадада жаңарған рекордты саралап көрейік.

Абылайхан ЖҰМАШ

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (коллаж)

Токиода араға 26 жыл салып жаңа үздік нәтиже тіркелді. Әйелдер арасындағы үш қарғып секіру спорты бойынша венесуэлалық Юлимар Рохас 15,67 метрге секіріп, 1995 жылдан бері бұзылмаған рекордты жаңартты. Бұған дейін ең жоғары көрсеткіш 15,50 метр болатын. Оны 1995 жылғы Әлем чемпионатында украиналық Инесса Кравец орнатты. Бір қызығы, 1995 жылы украиналық Инесса 15,50 метрге секіріп рекорд орнатқан кезде Рохас әлі дүниеге келмеген екен.

Ал Нидерланд спортшылары академиялық есуден 2014 жылы орнатылған әлем рекордын жаңартып, Олимп шыңын бағындырды. Ирландиялық Финтан Маккарти мен Пол О'Донован да академиялық есуден ерлер арасындағы жұптық жарыста әлемдік рекордты тіркеді. Жүзу спортынан Аустралия әйелдер құрамасы эстафеталық жарыста рекорд орнатты.

400 метрге кедергілермен жүгіру жарысында норвегиялық жеңіл атлет Карстен Вархольм алтын медаль алып, әлем рекордына өзгеріс енгізді. Жарыс жеңімпазы қашықтықты 45,94 секундта жүгіріп өтті. Осылайша, ол өз рекордын бір секундқа жақсартты.

Әлем рекорд орнатқандардың қатарында американдық Калеб Дрессел де бар. Жеңімпаз 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзуде алтын жүлде алып қана қоймай, белгіленген жарыс аумағын 49,45 секундта жүзіп өтті. Кейінгі рекордты да 2019 жылы шілдеде Дресселде орнатқан еді. Бұл жолы Токио Олимпиадасында ол сол рекордын жаңартты. Кейін Дрессел тағы бір әлем рекордының авторы атанды, бірақ бұл жолы эстафета жарысында. АҚШ құрамасы Токиода жүзуден 4х100 метрге комбинациялық эстафетада әлем рекордын жаңартқан. Райан Мёрфи, Майкл Эндрю, Калеб Дрессел мен Зак Эппл жарысты 3:26,78 минутта аяқтады. Бұған дейінгі рекордты американдық құрама 2009 жылы орнатқан – 3:27,28.

200 метрге баттерфляй әдісімен жүзуде венгриялық Криштоф Милак үздік нәтиже тіркеді. Ол аталған аралықты 1 минут 51,25 секундта жүріп өтті. Алдыңғы рекорд 1 минут 52,03 секунд болатын. Оған Бейжің Олимпиадасында американдық Майкл Фелпс қол жеткізді. Енді араға 13 жыл салып 21 жастағы жігіт жаңартып отыр. Айта кетейік, Криштоф Милаккa олимпиадалық рекордтпен қатар қазіргі әлемдік рекорд та тиесілі.

Аустралия әйелдер құрамасы да биыл жүзуден эстафетада әлемдік рекордты жаңартты. Еркін стильде 4х100 метр эстафетада олар 3:29,69 уақыт көрсетіп, жарыстың ең биік тұғырынан көрінді. Артынша жүзуден тағы бір рекорд жаңарды. Аралас комбинациялық эстафетада Ұлыбритания құрамасының мерейі үстем болды. 4х100 эстафетада олар қашықтықты 3:37,58 уақытында жүзіп өтті. Әйелдер арасындағы 200 метр эстафетасында Қытай құрамасы топ жарды. Бұл елдің төрт спортшысы 200 метрді 7:40,33 уақытта жүзіп өтті. Бұл – әлем рекорды.

Жүзудегі жекелей жарыстар да рекордсыз өтпеді. Оңтүстік Африканың атынан сынға түскен Татьяна Схунмакер Токиода алтын жүлдені қанжығасына байлады. Ол жеңіс үшін жаңа әлем рекордын тіркеді. Жүзгіштің 200 метрге брасс әдісімен жүзуде көрсеткен 2:18.95 уақыт нәтижесі ең үздік көрсеткіш саналды.

Академиялық есуден де бірден бірнеше рекорд жаңарды. Ерлер арасында Нидерланд құрамасы 2 шақырымға төрттік жарыста 5:32,03 уақыт көрсеткішімен әлем рекордына өзгеріс енгізді. Дәл осы жарыс бойынша әлем рекорды әйелдер арасында да тіркелді. Бұл жолы Қытай құрамасы топ жарды. Олар 2 шақырымды 6:05,13 уақытта жүзіп өтті.

Румыния мемлекеті де Токио Олимпиадасында әлем рекордын қойған спортшыларымен мақтана алады. Академиялық есуден жұптық жарыста Николета-Анкуца Боднар мен Симона Радиш 6:41,03 уақытта мәреге жетіп, жаңа әлем рекордын орнатып отыр.

Қытай спортшылары да рекорд жаңартудан бір-бірімен жарысуда, тіпті олардың арасында өз көрсеткішіне өзгеріс енгізіп жатқандары да бар. Қытайлық ауыр атлет Чжиюн Ши 73 келіге дейінгі салмақта әлем рекордын жаңартты. Ол екі жаттығу бойынша 364 келіні еңсерді. Бұл 73 келідегі әлем рекорды саналады. Чжиюн Ши өзі қойған рекордтан бір келіге көп көтеріп, нәтижесін жақсарта түсті. Сонымен қатар жұлқы және серпе көтеруде де әлем рекорды осы қытайлық зілтемірші тиесілі.

Неміс велошабандоздарының да биылғы Олимпиадаға тыңғылықты дайындалып келгені жарыс кезінде анық байқалды. Оны велошабандоздар іріктеу кезеңінде-ақ көрсетті. Әйелдер арасындағы командалық жарыста Германия құрамасы финалдық кезеңге бірінші болып жетті. Олар іріктеуде 4:7,307 уақыт көрсетті. Бұл да – әлем рекорды. Бұған дейінгі рекордты 2016 жылы Рио төрінде ұлыбританиялықтар қойған болатын. Неміс шабандоздары сол рекордты үш секундқа жақсартты.

Ол ол ма, грек-рим күресінен кубалық балуан Михаин Лопес Нуньес төртінші рет Олимпиада чемпионы атанды. Аталған Олимпиадада финалда 130 келіге дейін салмақта грузиялық Якоб Каджаямен белдесіп, қарсыласын 5:0 есебімен жеңді. Осылайша, ол спорттық карьерасында төртінші рет Олимп шыңын бағындырды. Михаин – грек-рим күресінен төрт бірдей Олимпиада ойындарында алтын медаль алған алғашқы балуан. Бұған дейін бұл рекорд ресейлік Александр Карелинге тиесілі болған. Ол үш рет чемпион атанып, бір рет күміс жүлдегер атанды. Жалпы, күрес түрлерінен төрт рет Олимпиада ойындарында топ жарған алғашқы балуан жапониялық Каори Итё (2004, 2008, 2012, 2016 жылдары). Енді сол қатарға Лопес те қосылып отыр.

Ал біздің спортшылар рекордты жаңартпақ тұрмақ, Токио Олимпиадасында жүлделі орындарға ілігудің өзі мұңға айналды. Әр жарыс күні бірінші не екінші айналымнан-ақ жарыс жолынан шығып қалып жатқан саңлақтарымыз ел сенімін ақтай алмай еңсемізді түсіруде. Қоржынымызда әзірге үш қола медаль бар.

Жалпы, бұған дейінгі Олимпиада ойындарында жаңарған әлем рекордтары санына тоқталар болсақ, Афина Олимпиадасында – 47 әлем рекорды, Бейжің Олимпиадасында– 34 әлем рекорды, Лондон Олимпиадасында – 32 әлем рекорды, Рио Олимпиадасында 27 әлем рекорды жаңарды. Токиодағы жаңарған рекордтардың жиынтық саны жарыс аяқталған күні белгілі болады.

Жалған ақпарат тарады

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде елорда тұрғыны түсірген бейнежазба тарап жатыр. Бейнекөріністе автор «халықты улап жатыр» деп жалған ақпарат таратқан.

Бейнежазба авторы қорғаныс құралдарын киіп жүрген адамдардың цистерналарды көлікке тиеп жатқанын түсірген. Артынша ол бейнекөріністе «Өздерің қорғанып, халықты улап жүрсіндер. Халық жаулары! Түнде жасырынып келді. Сендер халықты қырып жатқан айуансыңдар! Қазақты қырып жатырсыңдар! Өздерің қазақсыңдар!» – дейді. Мұнымен қоймай ер адам көршілерін де көмекке шақырады. Одан кейін көлікпен келген жұмысшылардан қорғаныс құралын шешуді талап етеді. «Неге күндіз істемейсіңдер?» деп сұрағанда жас жігіттер ол уақытта масаның болмайтынын айтқан. Бірақ ер адам сенбейді. Бірнеше минуттан кейін жұмысшылар көлікке мініп, кетіп қалады.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі осы оқиғаға қатысты түсініктеме берді. «Маса мен шыбын-шіркейді улау жұмыстары бейнежазбаға түсірілген. Дезинсекциялық жұмыстарды «Столичная дезинфекция» ЖШС Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасымен бірлесіп жүргізіп жатыр. Зиянкестерді жою жұмыстары кезінде дезинсекторлар адамдар, жануарлар мен өсімдіктер үшін мүлдем қауіпсіз ерітіндіні қолданады. Жұмыс түнгі уақытта және таңертең жүргізіледі», – дейді әкімдік мамандары. Елорда әкімдігі жалған ақпарат таратқандар заң алдында жауап беретінін еске салды.

А.ЖОЛДАС

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ – Қызылорда облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3971
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Дәулет АСАУ